

"Басқа материалдардан жасалған конструкциялар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1351 Қаулысы.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Басқа материалдардан жасалған конструкциялар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2008 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1351 қаулысымен

бекітілген

"Басқа материалдардан жасалған конструкциялар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы Басқа материалдардан жасалған конструкциялар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар техникалық регламенті (бұдан әрі - Техникалық регламент) басқа материалдардан жасалған конструкциялардың қауіпсіздігіне, оларды жобалау, өндіру, тасымалдау, сақтау, пайдалану және кәдеге жарату процестеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

Осы Техникалық регламентте техникалық реттеу объектілері мыналар болып табылады:

1) ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын қасбеттік қоршау конструкциялар мен шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар (бұдан әрі - конструкциялар);

2) конструкцияларды жобалау, өндіру, тасымалдау, сақтау, пайдалану және кәдеге жарату процестері (тіршілік циклі).

2. Конструкциялардың механикалық, өрт, санитарлық-эпидемиологиялық және радиациялық қауіпсіздігінің жалпы талаптары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексмен және Қазақстан Республикасының 2007

жылғы 19 желтоқсандағы Еңбек кодексімен , Қазақстан Республикасының " Өрт қауіпсіздігі туралы " 1996 жылғы 22 қарашадағы, " Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы " 1998 жылғы 23 сәуірдегі, " Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы " 2001 жылғы 16 шілдедегі, " Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы " 2002 жылғы 3 сәуірдегі, " Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы " 2002 жылғы 4 желтоқсандағы заңдарымен және "Құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары қауіпсіздігі" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы N 96 қаулысымен белгіленеді.

3. Сәйкестендіруді конструкцияны нақты конструкцияның түрі - ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын қасбеттік қоршау немесе шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияға жатқызу үшін жиынтығында жеткілікті мәліметтер мен сипаттамалар бойынша, таңбалануы мен ілеспе құжаттары, өлшемдері, көрсеткіштері мен талаптары бойынша жүргізу қажет.

4. Конструкцияларды сәйкестендіру мына тәсілдермен:

- 1) ілеспе құжат бойынша және/немесе көзбен шолумен;
- 2) құрал-саймандық тәсілмен;
- 3) сынақтармен жүргізіледі.

5. Конструкцияның тіршілік циклі процестерінде жол бермеу қажет болатын негізгі қауіпті факторлар (қатерлер) мыналар болып табылады:

1) жылу оқшаулағыш материалын қолдану кезінде жоғарғы тыныс алу жолдарының шырышты қабығының тітіркенуі мен терінің қышуын тудыратын минералды талшықтың шаңы мен шаңсыздандырғыш қоспалардың (көмірсутегілердің булары) ұшпа компоненттері зиянды факторлар болып табылады;

2) шу мен дірілдің жоғары деңгейі;

3) жабдықтың, құрал-сайманның қозғалғыш бөліктері, жылжытылатын бұйымдар, дайындамалар, материалдар;

4) дайындауға арналған материалдардың ұшқын сынықтары мен бөлшектері;

5) дайындамалар, құрал-саймандар, жабдықтар, қалдықтар беттеріндегі өткір жиектер, қылтанақтар, кедір-бұдырлар;

6) қауіпті сәулеленулердің болуы (радиоактивті, рентгендік, ультракүлгін, жылулық);

7) қоршаған орта факторларының (температураның, ылғалдың, химиялық агрессияның) әсері;

8) бекітілмеген жүкті тасымалдау кезінде оның ығысып немесе түсіп қалу мүмкіндігі;

9) конструкцияны монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде монтаждалатын элементтердің көтеру тетіктерінен, монтаждау құрылғыларының, ағаштың немесе тақтай төсемдердің құлау қаупі туындайды;

10) оларды монтаждау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау нәтижесінде аспалы желдетілетін қасбеттер конструкцияларының, жанғыш ылғалдан қорғау мембраналарының жылытқыш қабын қорғау үшін қасбеттік жүйелерді пайдалана отырып, дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде жану мүмкіндігі;

11) өртке қауіпті факторлардың таралуы (жалын, түтін, уытты жану өнімдері) және өрт шыққан кезде - қасбет конструкциясының бұзылуына әкелетін өзінің құрылымдық мақсатын жоғалту қабілеті;

12) қатты жел жүктемелері туындаған кезде басқа материалдардан жасалған конструкциялар қирауы және оларды жел жұлып әкетуі мүмкін;

13) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қирауы, олардың жақтаушадан шығып кетуі кезінде ғимараттардың жоғарғы қабаттарынан ірі әйнек сынықтарының құлау қаупі;

14) конструкциялардың құлайтын элементтері адамдар үшін, әсіресе көп қабатты ғимараттарда болатын өрт кезінде елеулі қауіп тудырады;

15) түссіз мөлдір табақтық шыныдан жасалған шыны конструкцияларымен адамдардың соқтығысу ықтималдығы.

6. Осы Техникалық регламент бұрын пайдалануда болған және құрылыста қайтадан пайдаланылатын конструкцияларға қатысты болмайды.

2. Терминдер мен анықтамалар

7. Осы Техникалық регламентте сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі аясындағы техникалық реттеу саласындағы заңнамалық актілерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар қолданылады және мына терминдер қосымша пайдаланылады:

1) айна (шағылыстырғыш) жабыны бар шыны - көрінетін жарықты шағылыстырудың жоғары коэффициенті бар (табақты шынымен салыстырғанда) шыны ;

2) аязға төзімді жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар - төменгі температуралардың әсеріне төзімділігі жоғары конструкциялар;

3) әуе соққы толқынының қосарлы зақымдау факторлары - әуе соққы толқынының бастапқы зақымдау факторлары әсерінің нәтижесінде қираған заттардың бөлшектері, оның ішінде қасбеттік қоршау конструкциялары мен әйнектердің сынықтары;

4) оған жабындарды (лак-бояу жабындарын қоспағанда) түсіру кезінде қосымша қасиеттерге ие болатын жабыны бар шыны;

5) жылу өткізу кедергісі - шыныдан жасалған конструкцияның екі жағында да қоршаған орта температуралары айырмашылығының жылу ағымы тығыздығына қатынасы;

6) шудан қорғайтын көп қабатты шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция - жоғарғы дыбыс оқшаулау қасиетін қамтамасыз ететін (көп қабатты шынының басқа түрлерімен салыстырғанда) конструкция;

7) сындыруға төзімді көп қабатты шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция - ол арқылы адам өте алатын өтпелі саңылау түспейтін, көп мәрте механикалық соққыларға шыдауға қабілетті конструкция;

8) жарылуға төзімді көп қабатты шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция - жарылыстың соқпалы толқынының әсерін азайту және шыны сынықтарынан жарақаттанудан сақтандыру қасиеттеріне ие конструкция;

9) оққа төзімді көп қабатты шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция - оқпен атыс қаруынан атылған оқтан қорғауды қамтамасыз ететін конструкция;

10) соққыға төзімді көп қабатты шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция - қатты зат соққысына қирамай төтеп беретін конструкция;

11) күн факторы (күн энергиясын жалпы өткізу коэффициенті) - шыныдан жасалған конструкция арқылы үй-жайға түсетін жалпы күн энергиясының түсетін күн сәулесінің қуатына қатынасы;

12) шамадан тыс күн сәулесінің енуінен қорғауға арналған күннен қорғайтын жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар;

13) қауіпсіз шыны - сынған кезде ірі сынықтар пайда болмайтын (шындалған қауіпсіз шыны) немесе сынықтар полимерлік үлдірмен ұсталатын шыны (көп қабатты қауіпсіз шыны);

14) конструкцияның соққы әсерлеріне төзімділігі (соққыға төзімділігі) - конструкцияның нормаланатын сипаттамалары бар қатты денемен механикалық соғылуға төтеп беру қабілеті;

15) конструкцияның сыртқы отқа төзімділігі - конструкцияның берілген уақыт ішінде жалынның немесе жану өнімдерінің конструкция арқылы отқа қарама-қарсы жаққа енуіне кедергі болу қабілеті;

16) мүсінделген шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция - қыздырылған күйінде иілген табақтық шыныдан жасалған конструкция;

17) отқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция - оттың, жану өнімдерінің таралуына және жылу сәулеленуінің берілуіне кедергі бола отырып, өрт кезінде туындайтын жылулық және механикалық жүктемелердің әсеріне төтеп беретін конструкция;

18) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір оттан қорғау конструкциясы - шыныны, рама мен монтаждау элементтерін қамтитын және отқа төзімділікке арналған сынақ нәтижелері бойынша отқа төзімділік өлшемдеріне сәйкес келетін конструкция;

19) өздігінен тазаланатын жабыны бар шыны - жаңбыр суы мен ультракүлгін сәулеленуі әсерімен ондағы ластанулар жойылатын шыны;

20) пайдалану кезінде қауіпсіз шыны - жеткілікті механикалық беріктілігі бар және берілген биіктіктерден құлайтын белгіленген салмақтағы жұмсақ дененің соққысына қирамай төтеп беретін шыны;

- 21) радиациядан қорғау шынысы - иондаушы сәулеленуді сіңіретін қорғасын мен барий тотығының жоғары мөлшері бар шыны;
- 22) радиокорғау шынысы - жоғары жиілікті ток кезінде шағын электрлік кедергілі жабыны бар және үй-жайды электрлік-магниттік сәулеленудің енуінен қорғауға мүмкіндік беретін шыны;
- 23) соққыға төзімді жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар - қатты заттардың соққысына төзімділіктің талап етілетін дәрежесі бар конструкция;
- 24) стемалит (эмальданған шыны) - шыңдау процесі алдында конструкцияның осы түрін өндіруге арналған бояу жағылатын шындалған шыны;
- 25) термикалық шытынау - жарық өткізгіш мөлдір конструкциядағы шынының әртүрлі учаскелерінде күн сәулесі әсерімен әркелкі қызуынан шынының өздігінен қирауы;
- 26) төмен эмиссиялық шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция - жылудың шығынын азайтып, сондай-ақ ғимаратқа күн энергиясының шамадан тыс түсуін төмендетуге мүмкіндік беретін конструкция;
- 27) шудан қорғайтын жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар - дыбыс оқшаулау қасиеті жоғары және қатты шу жағдайларында пайдаланылатын үй-жайларды шынылауға арналған конструкция;
- 28) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың жарылысқа төзімділігі - әуелік соққы толқынының (ӘСТ) әсерінен зақымдағыш сынықтар тудырмай төтеп беретін конструкция;
- 29) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың жарылуға төзімділігі - әуелік соққы толқынының әсеріне орнықтылығы;
- 30) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың оққа төзімділігі - оқ атыс қаруынан атылған оқтан қорғауды қамтамасыз ету қабілеті;
- 31) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияның отқа төзімділігі - өрт кезінде туындайтын жылу және механикалық жүктемелердің әсеріне төтеп беру қабілеті;
- 32) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияның жұмсақ денемен соғылу төзімділігі - конструкцияның бұрыс пішінді жұмсақ дененің нормаланатын сипаттамалары бар механикалық соққыларға қирамай төтеп беру қабілеті;
- 33) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қорғалу сыныбы - олардың әртүрлі әсерлерге қарсы тұру қабілетін көрсететін сипаттама;
- 34) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың ұзақ уақытқа шыдамдылығы - берілген мерзім ішінде пайдаланылу қасиеттерін сақтау қабілетін айқындайтын сипаттама;
- 35) шындалған шыны - оның механикалық және термикалық беріктілігін, сондай-ақ қауіпсіз қирау сипатын (ірі сынықтар қалыптастырмай) қамтамасыз ететін арнайы термикалық өңдеуге түскен табақ шыны;

36) термикалық беріктетілген шыны - нәтижесінде оның механикалық және термикалық мықтылығы кәдімгі (күйдірілген) шыныдан жоғары, бірақ шыңдалған шыныдан төмен, арнайы термикалық өңдеуге түскен шыны, бұл ретте шыңдалған шыныға қарағанда термикалық беріктетілген шынының қирау сипаты қауіпсіз болып табылмайды;

37) энергия үнемдегіш жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар - энергия үнемдеу қасиеті жоғары бар және үй-жайлардағы жылудан қорғау мен қалыпты жарықтандыру талаптарын қамтамасыз етуге арналған конструкция.

3. Конструкциялардың Қазақстан Республикасының нарығындағы айналым шарттары

8. Ғимараттарды, құрылымдарды, құрылыстарды салу кезінде пайдаланылатын конструкциялар осы Техникалық регламенттің талаптарына, сондай-ақ ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған қасбеттік қоршау конструкцияларына және жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға қатысы бар басқа да техникалық регламенттерде бекітілген қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы тиіс.

9. Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын конструкциялар (оның ішінде импортталатын) залал келтірудің ықтимал қатерлеріне баға беру және олардың тиісті қауіпсіздік шараларын қабылдауы үшін қажетті тұтынушыларға арналған ілеспе құжатпен (сапа паспорты, техникалық немесе нормативтік құжаттар және басқасы) қамтамасыз етілуі тиіс.

10. Ескерту таңбаларына қосылған ақпараттың құрамы мен мазмұнына қойылатын талаптар "Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы N 277 қаулысының және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

11. Тұтынушыларды адастыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу үшін конструкциялардың осы Техникалық регламентке сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

12. Тұтынушыларды адастыруға әкелетін әрекеттердің алдын алу үшін таңбалау, сипаттамалар туралы деректердің сақталуын, осы Техникалық регламенттің мақсаттарын орындау үшін конструкцияның әр бірлігі немесе дайын конструкциялардың партиясына арналған конструкциялар бойынша елеулі деректерді айқындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін автоматтандырылған есепке алу жүйесі болу қажет.

4. Конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын техникалық талаптар

4.1. Конструкцияларды жобалау кезінде олардың механикалық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

13. Конструкцияларды жобалау кезеңінде мақсатына, түріне, ғимаратта немесе құрылыста орналасуына қарай олардың қауіпсіздігіне қойылатын барлық қажетті талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін конструкцияларға қойылатын талаптар кешені қалыптастырылуы тиіс.

14. Механикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жобалау кезеңінде оларды дайындау үшін қолданылатын материалдарға мынадай негізгі өлшемдер бойынша талаптар кешені қалыптастырылуы тиіс:

1) конструкциялардың көтергіш қабілеті қаптама элементтерінің салмағы арқылы ғимараттың немесе құрылыстың сыртқы қабырғасына берілетін жүктемелердің шамасына сәйкес болуы тиіс;

2) конструкциялардың бекіту бұйымдары қаңқа мен қаптама элементтерінің құрастырма ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс.

15. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды жобалау кезінде механикалық беріктікті қамтамасыз ету үшін табақ шыны мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) қалдық кернеулер шамасы, өлшеулер жүргізу ережелері, бақылау кезеңділігі өндірушінің технологиялық құжаттамаларында белгіленуі тиіс;

2) шыныдағы ішкі қалдық кернеулерін (босандығын) өндіруші бақылауы тиіс;

3) шыныда қиратқыш кемістіктердің (ақаулардың) болуына жол берілмейді;

4) жиек бойында ұзындығы 5 мм астам және тереңдігі шыны қалыңдығының жартысынан астам жарықтардың болуына жол берілмейді.

16. Жобалау кезінде қирайтын конструкция астында тұрған адамдардың конструкцияның құлайтын элементтерінен жарақат алуына әкелмеуі көзделуі тиіс.

17. Жобалау кезінде, егер ғимараттардың немесе құрылыстардың конструкцияларында конструкциямен жанасудан тиісті тұрақты қорғау (қоршау) көзделмесе, конструкциялардың және олардың бекітпелерінің пайдалану жағдайларында түсетін барлық жүктемелерге (пайдалану, климаттық т.б.) төтеп беруі көзделуі тиіс.

18. Жобалау кезінде сыртқы қоршауларға орнатылатын конструкцияларды таңдау мыналарға:

1) осы Техникалық регламенттің талаптарымен үйлестірілген нормативтік құжаттар бойынша жобалау тапсырмасында белгіленген пайдалану жүктемелеріне;

2) конструкцияның салмағына;

3) осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарға сәйкес конструкцияны пайдалану өңіріндегі ең төмен және ең жоғары ықтимал температураларға, сондай-ақ ең төмен және ең жоғары атмосфералық қысымға;

4) осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарға сәйкес өңірі үшін конструкцияға түсетін ең жоғары жел қысымына және қолданылу биіктігіне;

5) осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарға сәйкес қолданылу өңірі үшін ең жоғарғы қар жүктемесіне (қар қалталарының түзілу ықтималдығын ескере отырып);

6) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция сіңіретін күн сәулесінің қарқындылығы мен ұзақтығына;

7) сейсмикалық жүктемелерге (сейсмикалық қаупі бар аудандар үшін) сәйкес жүргізілуі тиіс.

19. Жобалау кезінде тік жазықтыққа қарай 15° -тан аспайтын еңкейтілген конструкциялар, егер көлденең кескіні 50 см. аспаса, тік конструкциялар ретінде қарастырылуы тиіс.

20. Статикалық жүктемелерге қойылатын төзімділік жөніндегі талаптар оларға әсер ететін жүктемелерге байланысты көлденең жазықтықтан 75° -тан кем бұрышпен орналасқан барлық конструкцияларға қойылуы тиіс.

21. Жобалау кезінде қасбеттік қоршау конструкцияларын таңдау осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес орындалуы тиіс, бұл мына талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін қажет :

1) өрт шыққан жағдайда конструкцияның орнықтылық қасиеттері болуы тиіс;

2) экран термикалық-механикалық жоғары қасиеттері бар, ойылуға төзімді, жарылысқа төзімді, отқа төзімді материалдан жасалуы тиіс;

3) конструкцияның пайдалану жағдайларындағы жүктемелер кезінде қаптама элементтерінің орнықтылығын қамтамасыз ететін бекітпелері болуы тиіс.

22. Жобалау кезінде конструкциялар үшін материалдарды таңдау осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ластану және агрессивтілік дәрежесі бойынша нақты атмосфералардың жіктелуіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

23. Ғимараттар мен құрылыстарда, оның ішінде шыны қабырғаларда, балкондар мен лоджияларды шынылауда, сөрелерде, қысқы бақтарда, сауда павильондарын қоршауда, жарық өткізгіш мөлдір қасбеттер мен аралық қабырғаларда, шыны едендерде, баспалдақ баспаларында, шыны қоршауларда, баспалдақ таяныштарында, төбелерде, зениттік шамдарда, мансардалық терезелерде, шатырларда, күн қағарларда, кіру топтарында қолданылатын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар пайдалану жағдайларында шыныдан жасалған конструкциялар қираған кезде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей таңдалуы және жобалануы тиіс.

24. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жобалау кезінде осы Техникалық регламенттің мыналар:

1) отқа төзімділігі;

2) оққа төзімділігі;

- 3) жарылысқа төзімділігі;
- 4) соққы әсеріне төзімділігі;
- 5) термикалық төзімділігі;
- 6) жылу өткізуге немесе эмиссия коэффициентіне кедергісі;
- 7) бағытталған жарық өткізу коэффициенті;
- 8) жарық сіңіру коэффициенті;
- 9) күн энергиясын сіңіру коэффициенті;
- 10) шудан қорғау;
- 11) сейсмикалық төзімділігі бойынша белгіленген осы көрсеткіштерге жауап беруі тиіс.

25. Жобалау кезінде шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар мына талаптардың орындалуын қамтамасыз ететіндей таңдалуы тиіс:

1) конструкция (шыныны, бекітпелер мен көтергіш конструкция) адамның одан өтіп, құлауын болдырмауы тиіс. Шыныдан жасалған конструкция мен оның бекітпелері пайдалану жағдайларда түсетін барлық жүктемелерге төтеп беруі тиіс;

2) шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар қираған кезде сынықтары соғу немесе құлау аумағындағы адамдарды жарақаттамауы тиіс.

26. Жобалау кезінде конструкциялардың механикалық беріктігінің есебі көтергіш қаңқаның мына элементтерінің:

- 1) тік және/немесе көлденең бағыттауыштардың;
- 2) кронштейндердің;
- 3) көтергіш қаңқа элементтерінің өзара бұрандамалық және/немесе тойтарма қосылыстарының;
- 4) негізге бекітпелер;
- 5) қаптама панельдердің беріктігі мен деформацияларын тексеруді қамтуы тиіс.

27. Жобалау кезінде механикалық беріктікті есептері қаптама тақталардың салмағынан түсетін тік жүктемені, жел қысымының (теріс қысымнан) көлденең жүктемесін, көктайғақтық жүктемені, климаттық температура әсерлерінің жүктемесін, ерекше сейсмикалық жүктемені қабылдау үшін жүргізілуі тиіс.

28. Жобалау кезінде қасбеттік қоршау конструкцияларының қаптама тақталарына түсетін жүктемелер осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

29. Күштер (майысу сәттері), көлденең және бойлық күштер, сондай-ақ конструкциялар элементтерінің иілулері материалдар мен құрылыстық механика кедергілерінің негізгі ережелерін пайдалана отырып, айқындалуы тиіс.

30. Жобалық құжаттардың сараптамасы осы Техникалық регламентпен үйлестірілген Техникалық регламенттердің, осы Техникалық регламенттің талаптарына, нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бағалау үшін жүргізілуі тиіс.

31. Конструкциялардың жобаларын сараптау кезінде мыналар тексерілуі тиіс:

- 1) жобаның толықтығы мен ақпараттылығы;
- 2) техникалық шешімдердің конструкциялардың беріктілігі, сенімділігі, ұзақ мерзімге шыдамдылығы функционалдығы бойынша таңдалуының негізділігі;
- 3) материалдар мен жинақтаушы бұйымдардың беріктігі, сенімділігі және ұзақ мерзімге шыдамдылығы бойынша таңдалуының дұрыстығы;
- 4) орындалған есептердің дұрыстығы, есептік деректердің ғимараттың (құрылыстың) көтергіш конструкциялары элементтеріне түсіретін жүктемелерінің ұсынылатын мәндеріне сәйкестігі;
- 5) ұлттық стандарттарға енгізілмеген қолданылатын материалдар мен жинақтаушы бұйымдарға арналған сәйкестік сертификаттары.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

4.2. Өндіру кезінде конструкцияларға қойылатын қауіпсіздік талаптары

32. Конструкцияларды монтаждау және орнату жүргізу кезінде тиісті құжаттарды ресімдеу арқылы мыналар тексеруге жатады:

- 1) негіздің немесе іргетастың конструкцияларды монтаждау және одан түсетін жүктемелерді қабылдау үшін дайындығы;
- 2) монтаждау алаңқайын жұмыс жүргізу аймағына бөгде адамдардың кіруінен қорғаудың қамтамасыз етілуі;
- 3) қауіпсіздік контурларын қамтамасыз ету, қауіпті аумақтың қоршаулары және ескерту белгілерінің болуы;
- 4) қолданылатын жабдықтың, техниканың және арнайы жұмыс түрлеріне аттестатталған персоналды тарта отырып, монтаждау-құрастыру процестері қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі;
- 5) жабдық жиынтығының расталуы;
- 6) конструкцияны дайындалған алаңқайға немесе іргетастарға қажетті орнықтылықты қамтамасыз ете отырып, қауіпсіз орнату бойынша тиісті шаралардың қабылдануы;
- 7) апаттан құтқару қызметтерінің жақындай алуының қамтамасыз етілуі.

33. Конструкциялардың кетергіш элементтерінің (кронштейндер, бағыттаушылар, анкерлер, бекітпе элементтері) жауапкершілігі II деңгейдегі ғимараттары үшін кемінде 30 жыл және жауапкершілігі I деңгейдегі ғимараттары үшін кемінде 50 жыл нормативтік пайдалану мерзімі болуы тиіс.

34. Жылу оқшаулағыш материалдардың нормативтік пайдалану мерзімі жауапкершілігі II сыныпты ғимараттары үшін кемінде 30 жыл және жауапкершілігі I сыныпты ғимараттары үшін кемінде 50 жыл болуы тиіс.

35. Конструкцияларды өндіру кезінде анкерлеудің мынадай:

- 1) бетонға - 50мм;

- 2) кірпішке - 80 мм;
- 3) жеңіл бетонға - 100 мм болатын ең аз тереңдігі сақталуы тиіс.

36. Өндіру кезінде конструкциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тіректік-ригельдік жүйе ойыққа немесе ғимараттың көтергіш конструкцияларына бекітілуі тиіс.

37. Көтергіш қаңқаның конструкциясы бағыттауыштардың күйін үш жазықтықта реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Реттеу ауқымы өндіру кезінде мыналарға:

- 1) негіз бетінің тік жазықтықтан рұқсат етілетін және/немесе нақты ауытқуларына;
- 2) кронштейндерді негізге бекіту орындарын геодезиялық бөлуге арналған шектік рұқсаттарға және монтаждау жұмыстарының орындалу дәлдігіне;
- 3) қаптама панельдердің геометриялық мөлшерлерінің рұқсат етілетін ауытқуларына;
- 4) жылу әсері кезінде элементтер деформацияларының есептік шамаларына байланысты белгіленуі тиіс.

38. Конструкциялардың көтергіш пішіндері мен кронштейндері үшін мыналар қолданылуы тиіс:

- 1) алюминий қорытпаларынан жасалған профильдер;
- 2) табақтық тоттануға тезімді болат және одан суықтай иілген профильдер;
- 3) осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарға сәйкес мырышталған болат табак және одан суықтай иілген профилдер (тек қана қызмет ету мерзімі 10 жылдан аспайтын және биіктігі екі қабаттан аспайтын ғимараттар үшін).

Көтергіш қаңқа элементтерінің есеппен расталған көтергіш қабілетін қамтамасыз ететін басқа материалдарды қолдануға рұқсат етіледі.

39. Профилдердің көлденең қимасының нысаны мен нысаны осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарға сәйкес беріктігін есептерінің нәтижелері бойынша тағайындалуы тиіс.

40. Өндіру кезінде көтергіш қаңқа конструкциясындағы материалдардың температура өзгеруі реакциясын өтейтін және қосымша кернеулердің, деформациялар мен қираулардың пайда болуының алдын алатын техникалық шешімдер қолданылуы тиіс.

Осы мақсатта тік және/немесе көлденең бағыттауыштарды ауданы 25 м^2 аспайтын температуралық блоктарға бөлу қажет. Температуралық блоктар қаптама тақташалар немесе панельдер тек бір температуралық блоктың бағыттауыштарына ғана бекітілетіндей етіп орнатылуы тиіс. Осы талаптың орындалуын қамтамасыз ету үшін бағыттауыштардың ұзындықтары қаптама тақташалардың немесе панельдердің тиісті өлшеміне еселенуі тиіс.

41. Көтергіш қаңқа элементтерін өзара бекіту үшін мыналар қолданылуы тиіс:

- 1) бұрандамалық қосылыстар;

2) тойтарма қосылыстар;

3) өздігінен кескіш бұрандалық қосылыстар.

Өздігінен кескіш бұрандалық қосылыстарды жауапкершіліктің III деңгейіндегі, биіктігі екі қабаттан аспайтын ғимараттарға ғана қолдануға болады.

42. Бекітпе элементтеріне арналған материалдар, әдетте көтергіш қанқа элементтерінің материалдарымен біртектес болуы тиіс.

Алюминий қорытпасынан жасалған суырылатын тойтармалар қолданылған жағдайда тоттануға төзімді болаттан жасалған өзегі болуы тиіс.

43. Конструкцияны көтергіш қабырғаға және бекітпе элементтерін бір-бірімен бекіту кезінде "металл-алюминий" үйлесіміндегі бөлгіш элементтер қолданылуы тиіс.

44. Конструкцияның қаптамасын қауіпсіз бекіту үшін қаптаманы жаю схемасына конструкцияны дайындау кезінде жиналатын қателіктердің өтелуін қамтамасыз ететін өтеу буындарын енгізу қажет.

45. Ауа саңылауына қойылатын талаптар ондағы ауаның ең жоғары рұқсат етілетін қозғалыс жылдамдығын ескере отырып, есептеу арқылы және осы Техникалық регламенттің 1-қосымшасында келтірілген талаптарға сәйкес анықталуы тиіс.

46. Қасбеттік қоршау конструкциясының ғимараттың төлесімен төменнен жалғасу және ғимараттың жоғары жағынан шатырымен жалғасу орындарында ауаның кіруі мен шығуына арналған саңылаулар ескерілуі тиіс, олардың қимасының ауданы қасбеттің келденең жиегі ұзындығының әр метріне кемінде 50 см^2 болуы тиіс.

47. Ғимарат бұрыштарындағы ауа саңылаулары қасбеттік қоршау конструкциясының бүкіл биіктігі бойынша ауа өткізбейтін тік оқшаулаумен (аралық жабынмен) бөлінуі тиіс.

48. Жылу оқшаулағыш қабатты құру үшін физикалық-механикалық қасиеттері осы Техникалық регламенттің 2-қосымшасында келтірілген көрсеткіштерді қанағаттандыруы тиіс талшықты жылу оқшаулағыш материалдардан жасалған бұйымдар қолданылуы тиіс.

49. Тығыздығы 80 кг/м^3 кем (бірақ кемінде 30 кг/м^3) минералдық мақтаны және тығыздығы 30 кг/м^3 кем (бірақ кемінде 11 кг/м^3) шыны штапельдік талшықтан жасалған жылу оқшаулағыш бұйымдарды екі тығыздық қағидаты бойынша құрылған жылу оқшаулағыш қабаттың ішкі элементі ретінде пайдалануға болады. Бұл ретте сыртқы элементтің қалыңдығы жылу оқшаулағыш қабаттың жалпы қалыңдығынан 0,1-ден кем болмауы тиіс.

50. Көбікті-полистиролды конструкциялардың жылудан оқшаулағыш қабаты ретінде пайдалануға болмайды.

51. Қасбеттік қоршау конструкцияларының жылу оқшаулағыш қабатының қалыңдығы осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттар

талаптарына сәйкес жылу техникалық есептеу нәтижелерінің негізінде тағайындалуы тиіс.

52. Жылу оқшаулағыш қабаттың тақталарын бекіту арнайы дюбельдердің және шайбалары бар анкерлердің көмегімен механикалық әдіспен жүзеге асырылуы тиіс.

53. Созылмалы жылу оқшаулағыш материалдарын пайдалану кезінде анкерлер орналасқан жерлерде жылу оқшаулағыш қабаттың тұтас қалыңдығын сақтау үшін шектегіші бар анкерлер қолданылуы тиіс (матрац әсеріне болдырмау үшін).

54. Жылу оқшаулағыш қабат тақташаларын негізге желімдеу әдісімен бекіту аккредиттелген зертханада желім қоспасының беріктігіне жүргізілген сынақтар нәтижелері ұсынылған жағдайда ғана орындалуы тиіс.

55. Жылу оқшаулағыш қабатты орнату кезінде жылытқыш тақташаларының бір-біріне және негізге, сондай-ақ көтергіш қаңқаның элементтеріне тығыз жанасуы қамтамасыз етілуі тиіс. Ауа өткізгіш саңылаулардың жалпы ауданы қасбет беті ауданының 5%-нан аспауы тиіс.

56. Ауа өткізгіш саңылаулар жылу оқшаулағыш тақталардың түйіскен және көтергіш қаңқаның олар арқылы өтетін кронштейндерінің өткін орындарында орналасуы тиіс. Жылу оқшаулағыш қабатты орнату кезінде көтергіш қабырға мен оқшаулағыш қабаттың арасындағы қуыс тесіктердің болуына рұқсат етілмейді.

57. Жылу оқшаулағыш қабаттың сыртқы беті бу өткізгіш материалдан жасалған жел-гидро қорғағыш үлдірмен (мембранамен) жабылуы тиіс. Мұндай материалдың бу өткізгіштік мөлшері кемінде $0,30 \text{ мг}/[\text{м}^2 \cdot \text{ч} \cdot \text{Па}]$ болуы тиіс.

58. Қасбеттік қоршау конструкциялары экранының қаптама панельдері ретінде мына материалдар пайдаланылуы тиіс:

- 1) цементті-талшықты материалдардан (фиброцементтен) сығымдау әдісімен алынған тақташалар;
- 2) қатпарлы пластиктерден жасалған тақташалар;
- 3) шыны пластиктерден жасалған композиттік тақташалар;
- 4) табиғи тастан жасалған тақташалар;
- 5) қыш тақташалар мен қыш-граниттен жасалған тақташалар;
- 6) жабынқыштық тақташалар;
- 7) алюминий табақтар;
- 8) шындалған соққыға төзімді шыны және т.б.

Экран материалдарына қойылатын талаптар осы Техникалық регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

59. Экранның қаптама панелдерін көтергіш қаңқаның бағыттауыштарына бекіту тәсілі бағыттауыштардың бетіне тығыз жатуды, жел әсері кезінде сылдырламауын қамтамасыз етуі тиіс. Қаптама тақталардың арасындағы саңылаулардың мөлшері, бекіткіш элементтердің (кляммерлер) беріктігі мен иілгіштігі көтергіш қаңқа элементтерінің ықтимал температуралық деформацияларын ескере отырып, мынадай:

- 1) тақташаның сынуы;
- 2) кляммерді бекітетін тойтармалардың кесілуі;
- 3) кляммердің деформациясы;

4) панельдердің немесе тақташалардың өздігінен құлауы сияқты қолайсыз салдарларды болдырмау үшін тағайындалуы тиіс.

60. Экранның қаптама панельдерін бекітуге арналған кляммерлер тек аустениттік сыныпқа жататын тоттануға төзімді болаттан жасалуы тиіс.

61. Шатыр биіктігі әртүрлі ғимараттардағы төмен орналасқан шатырға жанасып тұрған экранның қаптама панельдерінің төменгі қатары шатыр жөндеу жұмыстарын орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін алмалы-салмалы болуы тиіс.

62. Жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды монтаждау конструкциялар элементтерінің бекітілуін, олардың орнықтылығы мен геометриялық өзгермеуін қамтамасыз етуі тиіс. Орнатылған конструкциялар элементтерін шылбырлар босатылғаннан кейін жылжытуға жол берілмейді.

63. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды өндіру кезінде қалыңдығы 6 мм-ге дейінгі шыны үшін жиек бұрыштарын доғал ету, ал қалыңдығы 6 мм-ден асатын шыны үшін жиегін алмас құралын қолдана отырып, әрлеу міндетті болып табылады.

64. Монтаждау жұмыстарын биік ашық жерлерде 15 м/сек астам жел жылдамдығында, көктайғақта, найзағай кезінде немесе жұмыс аймағы шегінде көруге кедергі болатын тұман кезінде орындауға болмайды.

65. Пайдалануға берілетін конструкциялар техникалық регламенттердің, осы Техникалық регламенттің және жоба құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізу мақсатында тексерілуі тиіс.

66. Конструкцияларды тексеру оларды бұзбай бақылаудың көзбен шолу - құралмен тексеру және алынған нәтижелерді сараптамадан өткен жобамен салыстыру әдістерімен жүргізіледі.

67. Конструкцияларды тексеру кезінде мыналар:

- 1) жобаның техникалық сараптамасы қорытындысының болуы;
- 2) жасырылған жұмыстарға арналған актінің болуы;
- 3) конструкцияның жобада қабылданған техникалық шешімдерге сәйкестігі;
- 4) пайдаланылатын негізгі материалдар мен бұйымдардың жобалық ерекшелікке сәйкестігі;
- 5) механикалық бүлінулердің, негізгі элементтердің жоба ережесінен ауытқуының болуы;

6) бекіту немесе оларға қасбеттік қоршау конструкцияларын тіреу үшін пайдаланылатын ғимараттың (құрылыстың) көтергіш конструкциялары элементтерінің жай-күйі тексеріледі.

68. Конструкция жобаға сәйкес болмаған кезде сәйкессіздіктер тізбесі қоса берілетін теріс қорытынды ресімделеді.

69. Сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін қайта тексеру жүргізіледі. Қорытындыда кезекті тексеру мерзімі айқындалады.

70. Конструкцияларды тексеру кезінде адамдардың өміріне немесе денсаулығына, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекет мүлкіне қауіп төндірумен байланысты сәйкессіздіктер анықталған жағдайда аккредиттелген ұйым сәйкессіздіктер туралы мемлекеттік органға хабарлайды.

4.3. Қасбеттік қоршау конструкцияларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

71. Сыртқы қабырғада қолданылатын қасбеттік қоршау конструкцияларының қауіпсіз сындарлы шешімі болуы, көтергіш қабырғаға қауіпсіз бекітілуі және ғимаратты немесе құрылысты пайдалану кезінде конструкциялардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуі тиіс.

72. Конструкциялардың көтергіш қаңқасының ұзақ мерзімге шыдамдылығына баға беру кезінде оларды пайдаланудың нормативтік мерзімі осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылдануы тиіс.

73. Конструкцияның ғимараттың немесе құрылыстың қызмет ету мерзіміне тең немесе одан асатын қызмет ету мерзімі болуы тиіс.

74. Конструкциялар материалдарының нормативтік пайдалану мерзімі жауапкершілігі II деңгейлі ғимараттар үшін кемінде 30 жылды және жауапкершілігі I деңгейлі ғимараттар үшін кемінде 50 жылды құрауы тиіс.

75. Конструкциялар сыртқы қабырғаның көтергіш қабілеті конструкцияға жел, қар және жаңбыр жүктемелерінің әсеріне төтеп берген жағдайда ғана пайдаланылуы тиіс.

76. Қасбеттік қоршау конструкцияларына қосымша аспа элементтері мен жабдықтарды бекітуге тыйым салынады.

77. Конструкциялардың ұзақ уақыттық, таңба ауыспалық, серпінді соққылық, жел, температура және ылғал әсерлеріне орнықты бекітпе, оқшаулау, қаптама материалдары болуы тиіс.

78. Осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес конструкциялардың металл элементтері агрессивті орталар ықпалы кезінде тоттанудан қорғалуы тиіс.

79. Алюминий қорытпаларынан жасалған металл конструкцияларын биіктігі 100 метрден аспайтын ғимараттарда қолдануға болады.

Жобалау кезінде басқа да техникалық шешімдерден ауытқу жобалау және уәкілетті ұйымдармен келісіледі.

80. Анкерлер үшін "жұлынуға" сенімділік коэффициенті осы Техникалық регламенттің талаптарымен үйлестірілген нормативтік құжаттарға сәйкес қабылдануы тиіс, бірақ кемінде 5 болуы тиіс.

81. Орта агрессивтілігінің кез келген дәрежесі кезінде байланыстық тоттанудан қорғау үшін мына шаралар көзделуі тиіс:

1) бекіту жүйесінің барлық элементтерінің бір тектес материалдардан жасалуын көздеу. Бұл жағдайда алюминий қорытпаларынан жасалған және алюминий тойтармаларымен жалғанатын конструкциялар пайдаланылуы тиіс;

2) мырышталған немесе тоттануға төзімді болаттан жасалған және алюминий конструкциялармен жанасатын анкерлік бұрандамалар мен басқа да бекіткіш бөлшектердің тиек бастарына гальваникалық байлам үшін полимерлік шайбалар орнатылады немесе түйісу беттері III немесе IV топтағы атмосфералық жауын-шашынға төзімді лак-бояу материалдарымен боялуы тиіс;

3) кірпіш немесе бетон конструкцияларымен жанасатын алюминий элементтерінің беттері бір мезгілде термоайырғыш элементтің қызметін де атқаратын металл емес төсеммен қорғалуы тиіс;

4) алюминий элементтерінің антисептиктермен өңделген ағаш конструкцияларға тікелей жанасуына рұқсат етілмейді.

82. Конструкциялар экранының қаптама элементтері үшін су сіңіруі 0,2 %-дан аспайтын, аязға төзімділігі - кемінде 50 цикл болатын материалдар пайдаланылуы тиіс.

83. Пайдаланудағы конструкцияларды тексеру осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарда көрсетілген кезенділікпен жүргізіледі.

Тексеру конструкцияның пайдалану процесінде пайда болған тозу дәрежесі мен жобадан ықтимал ауытқуларын анықтау мақсатында конструкцияны бұзбай көзбен шолу - құралдық бақылауды білдіреді.

4.4. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларын пайдаланылу кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

84. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялары пайдалану кезінде қауіпсіз шыныдан дайындалуы тиіс.

Қауіптілігі жоғары орындарда адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіз шыныдан (көп қабатты немесе шыңдалған) жасалған конструкцияларды пайдалану міндетті болып табылады.

85. Адамдар көп болатын (әр 2 м^2 1 және одан да көп адам есебімен) жерлерге және өткіндерге арналған қауіптілігі жоғары үй-жайларда қауіпсіз қаптама материалдан, көп қабатты немесе шыңдалған қауіпсіз шыныдан жасалған конструкциялар пайдаланылуы қажет.

86. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды (ғимараттардың кіру топтары, шыны төбелер мен шатырлар, балкондар мен лоджиялар, сөрелер, қысқы бақтардың қоршаулары, жарық өткізгіш мөлдір қасбеттер мен аралық жабындар, шыныпакеттер, шыны едендер, баспалдақтардың баспалары, баспалдақтардың қоршаулары, баспалдақ таяныштары, зениттік шамдар, мансардалық терезелер, шыны күнқағарларда) қауіпсіз қолдануға қойылатын талаптар осы Техникалық регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

87. Егер олар қираған кезде ірі сынықтар (3 см^2 -ден астам) пайда болмаса шыңдалған шыныдан жасалған конструкцияларды пайдалану қауіпсіз деп есептеледі.

88. Адамдардың шыныдан жасалған конструкцияға соқтығысуы мүмкін жерлерде түссіз мөлдір табақтық шыныдан жасалған аралық жабындар мен қабырғаларда оңай байқалатын таңбалау болуы және олар адамның конструкцияға соқтығысуына төтеп беретіндей болуы тиіс.

89. Адамдардың конструкцияға соқтығысуы мүмкін жерлерде көп қабатты шыны немесе көп қабатты және шыңдалған шыны үйлесімі немесе адамның конструкция арқылы құлап кетуінің алдын алатын қорғағыш қоршау пайдаланылуы қажет.

90. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция осы Техникалық регламенттің 5-қосымшасының 1-кестесіне сәйкес берілген биіктіктен құлаған салмағы 45 кг жұмсақ дененің соғылуына төтеп беруі тиіс. Бұл ретте шыныда өтпелі саңылау болмауы тиіс және шыны жақтаушада ұсталып тұруы тиіс.

91. Егер жарық өткізгіш мөлдір конструкция пайдалану кезінде нақты бір қорғаныс сыныбының талаптарына сәйкес келсе (жұмсақ дене соқтығысуына төзімділігі), ол одан төменгі қорғаныс сыныптарының талаптарына сәйкес деп қабылданады.

92. Қауіпсіз шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды қолданылу талап етілетін үй-жайларда шынының қорғаныс сыныбы кемінде SM1 болуы тиіс.

93. Қауіпсіз шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды пайдалануға қойылатын талаптар осы Техникалық регламенттің 4-қосымшасында келтірілген, онда (адамның шыныға соқтығысу мүмкіндігі бойынша) қорғаныштық сыныбы берілгеннен төмен болмайтын пайдалануға қауіпсіз шыныларды ғана қолдануға болатын конструкциялардың түрлері көрсетілген.

94. Мына: аралық жабындар, қасбеттер, шатырлар мен зениттік шамдар сияқты жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларда шыңдалған шыны, көп қабатты шыны немесе көп қабатты мен шыңдалған шынылардың үйлесімін пайдалану міндетті.

95. Зениттік шамдар мен шыны шатырлардың жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларында шыңдалған шыныны астыңғы шыны ретінде (үй-жайдың ішіне қаратылған) пайдалануға тыйым салынады.

96. Егер жарық өткізгіш мөлдір конструкциямен соқтығысудың алдын алатын тұрақты қоршаулар көзделмесе, есіктен 0,3 м аз қашықтықта орналасқан шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция қауіпсіз шыныдан (шыңдалған немесе көп қабатты) дайындалуы тиіс.

97. Есіктерде немесе аралық жабындарда орнатылатын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция түріне қарай шынының мына түрлері қолданылуы тиіс:

1) егер шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция бір шыныдан құралған болса, тек қауіпсіз шыны (шыңдалған немесе көп қабатты) қолданылуы тиіс;

2) егер шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция екі қабат шыныдан құралған болса, тек қауіпсіз шыны (шыңдалған немесе көп қабатты) қолданылуы тиіс;

3) егер шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция үш қабат шыныдан құралған болса, шеткі шынылар қауіпсіз (шыңдалған немесе көп қабатты) шыныдан дайындалуы тиіс, аралық шыны нормаланбайды;

4) екі қабатты балкон есігінің жарық өткізгіш мөлдір конструкциясы тек қауіпсіз (шыңдалған немесе көп қабатты) шыныдан дайындалуы тиіс.

98. 3-ші қабаттан жоғары орналасқан үй-жайлар балкондарының, лоджиялары мен шыны қасбеттерінің жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларының сыртқы жағын, сондай-ақ, егер оның төменгі шеті еден деңгейінен 700 мм төмен биіктікте орналасқан болса жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкциясының ішкі жағын тек қауіпсіз (шыңдалған немесе көп қабатты) шыныдан дайындауға рұқсат етіледі.

99. Егер басқа себептермен қауіпсіз шыны қолдану талап етілмеген болмаса, көп қабатты үйлердің баспалдақ алаңқайлары мен тамбурларында қалыңдығы кемінде 6 мм болатын табақ шыныны пайдалануға рұқсат етіледі.

100. Ғимараттар мен құрылыстарда адамдардың термикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету сыртқы шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар осы Техникалық регламентте белгіленген энергия үнемдеу жөніндегі талаптарға жауап беретіндей жағдайда жүргізіледі.

101. Конструкцияларда күн қуатын сіңіру коэффициенті 50 %-дан асатын шыныны қолданылған кезде ол шыңдалған, ал конструкцияның механикалық қауіпсіздігі осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарға сәйкес есептеу нәтижелерімен расталуы тиіс.

102. Терезе немесе есік конструкцияларына орнатылатын шыныларға (шыны пакеттерге) күннен қорғайтын полимерлік үлдірлер жапсыруға рұқсат етіледі, бұл ретте полимерлік үлдірлер жапсырылған шынылар (шыны пакеттер) осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

103. Жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларда күн энергиясын сіңіру коэффициенті 50 %-дан асатын жапсырылған үлдірі бар (оған үлдір жапсырылған шыны) шыныларды (шыны пакеттерді) қолдану кезінде шыны шыңдалған болуы тиіс.

104. Сыртқы шынылауда қолдану үшін шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды таңдау шынылаудың талап етілетін энергия үнемдеу деңгейін қамтамасыз ететіндей жүргізілуі қажет.

105. Жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың энергия үнемдеу қабілеті жылу өткізуге үлестік кедергісінің мәнімен сипатталуы тиіс.

106. Сыртқы шынылаудың жылу өткізуге үлестік кедергісін осы Техникалық регламенттің 9-қосымшасында көрсетілген талап етілетін мәндерден кем болмайтындай түрде қабылдау қажет.

107. Тұрғын, балаларға арналған, емдеу, көпшілікке арналған, әкімшілік, кеңселік, сауда ғимараттары үшін жарық өткізгіш мөлдір сыртқы конструкцияларға орнатуға қолдану өңірі үшін қалыпты пайдалану жағдайларында қамтамасыз етілуі 0,92 құрайтын терезе ортасындағы шынының ішкі бетінің шық түсу нүктесі температурасынан кем болмайтын температураны қамтамасыз ететін шынылар қолданылады.

108. Өндіріс ғимараттарының шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір сыртқы конструкцияларына орнату кезінде қолдану өңірі үшін қалыпты пайдалану жағдайларында қамтамасыз етілуі 0,92 құрайтын терезе ортасындағы шынының ішкі беті температурасы 0°C кем болмайтындай шынылар (шығын пакеттер) таңдалып алынуы тиіс.

109. Түссіз мөлдір табақ шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар бағытталған жарық өткізу коэффициенті бойынша осы Техникалық регламенттің 10-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

110. Шыныдан жасалған шудан қорғайтын жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар әуедегі шудың деңгейін азайту үшін қолданылуы тиіс.

111. Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар үшін пайдаланылатын шудан қорғау көрсеткіштері ғимараттар мен құрылыстардың орналасуына байланысты таңдалуы тиіс.

112. Шыныдан жасалған шудан қорғағыш жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар көлік көп жүретін магистральдарға шығатын, әуежайларға, шулы өндірістерге, стадиондарға, ойын-сауық мекемелеріне жақын орналасқан ғимараттар мен құрылыстардың сыртын шынылауда қолданылуы тиіс, бұл ретте шыныдан жасалған конструкциялардың шудан қорғау жөнінде мынадай көрсеткіштері (шудан қорғау көрсеткіштері) қолданылуы тиіс:

- 1) R_w - әуедегі шуды азайту индексі;
- 2) $R_{A\text{авиа}}$ — авиакөліктің әуедегі шуын азайту индексі;
- 3) $R_{A\text{тран}}$ — жер үсті көлігінің әуедегі шуын азайту индексі.

113. Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға шудан қорғау көрсеткіштері бойынша қойылатын ең аз талаптар осы Техникалық регламенттің 10-қосымшасының 2-кестесінде келтірілген.

114. Қасбеттік қоршау конструкцияларының шудан оқшаулауының талап етілетін мәні 25 дБ көп болмауы тиіс.

4.5. Соққы әсеріне және сынуға төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

115. Егер шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар осы Техникалық регламенттің 5-қосымшасының 2-кестесіне сәйкес берілген биіктіктен құлаған салмағы $(4,1 \pm 0,02)$ кг болат шардың соққысына төтеп берсе, соққы әсеріне төзімді конструкцияларға жатады.

116. Егер шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар осы Техникалық регламенттің 5-қосымшасының 2-кестесіне сәйкес берілген кинетикалық энергиясы бар салмағы $(2,0 \pm 0,1)$ кг болатын балтамен (балғамен) соққының берілген санына төтеп берсе, сынуға төзімді конструкцияларға жатады.

117. Егер шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар белгілі бір соққыға төзімділіктің немесе сынуға төзімділіктің тиісті сыныбының талаптарына сәйкес болса, ол одан да төмен соққыға немесе сынуға төзімділіктің тиісті сыныбының талаптарына сәйкес болады.

4.6. Оққа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

118. Егер олар осы Техникалық регламенттің 6-қосымшасында көрсетілген қарудан атылған оқтың үш рет тиюіне тесілмесе, ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын көп қабатты оққа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар оққа төзімді конструкцияларға жатады.

4.7. Жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

119. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар үшін жарылғыш заттар зарядтарының сырттағы санкцияланбаған жарылысынан пайда болатын әуелік соққы толқынының әсерінен зақымдалудың бастапқы және қайталама факторларынан болатын әлеуетті зиянды жоюға немесе азайтуға мүмкіндік беретін көп қабатты шынылар таңдалып алынуы тиіс.

Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қауіпсіз сипаты конструкцияның "әйнек-үлдір" композициясының тұтастай үй-жайдың ішіне қарай ұшып түскенде қирауын болдырмауы тиіс.

120. Жарылысқа төзімді көп қабатты шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция, сондай-ақ "әйнек-үлдір" түріндегі жарылысқа төзімді конструкция осы Техникалық регламенттің 7-қосымшасының 1 және 2-кестелерінде келтірілген шарттарға сәйкес жарылысқа төзімділік сынақтарына төтеп беруі тиіс. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияның қирау сипаты осы Техникалық регламенттің 8-қосымшасына сәйкес "С" қауіптілік сыныбынан аспауы тиіс.

121. Егер шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция жарылысқа төзімділіктің белгілі бір сыныбының талаптарына жауап берсе, онда ол жарылысқа төзімділіктің одан төмен сыныптарының талаптарына да жауап береді.

122. Сыртқы жарылыс қауіп-қатері және тиісінше шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияның жарылысқа төзімділігіне қойылатын талаптар былайша жіктеледі:

1) тротил эквивалентімен қуаттылығы 3, 12 және 20 кг алып жүретін бомбамен террористік шабуыл: осы Техникалық регламенттің 7-қосымшасының 1-кестесінде келтірілген талаптарға сәйкес SB1 - SB7 сыныптары;

2) тротил эквивалентімен қуаттылығы 30, 40, 64, 80, 100 және 125 кг автокөлік бомбасымен террористік шабуыл: осы Техникалық регламенттің 7-қосымшасының 2-кестесінде келтірілген талаптарға сәйкес EXV45 - EXV10 сыныптары.

123. Егер жақтауша конструкцияларында шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардан елеулі қирауларға әкеп соқтыруы мүмкін сындарлы жүктемелердің көтергіш конструкцияға берілуінің алдын алу үшін сақтандырғыш иілме элементтер көзделмесе, террористік шабуыл кезінде шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың опырылып құлау қатерін барынша азайту үшін және ғимараттар мен құрылыстардың опырылып құлау қатерін азайту үшін жарылысқа төзімділігі ғимараттың негізгі қоршау және көтергіш конструкцияларының жарылысқа төзімділігінен асатын жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды орнатуға рұқсат етілмейді.

124. Егер сақтандырғыш жақтауша конструкциялары (лақтырылатын немесе ашылатын) ескерілмесе газ-ауа қоспасының көлемді жарылысы кезінде ғимараттар мен құрылыстардың опырылып құлау қатерін азайту үшін жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды ғимараттар мен құрылыс үй-жайларында, сондай-ақ жанғыш газы бар баллондарды сақтау немесе пайдалануға арналған үй-жайларға орнатуға болмайды.

125. Жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қорғаныштық сыныптары мен оларға қойылатын талаптар осы Техникалық регламенттің 7-қосымшасының 1-4 -кестелерінде келтірілген.

126. Жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар ғимараттар мен құрылыстардың мақсатына қарай сыртқы жарылыс қауіп-қатерін талдауға сәйкес, оның ішінде ғимараттар мен құрылыстарға іргелес аумақтың жалпыға

қол жетімділігін ескере отырып, таңдалып (шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың опырылып құлау қатерін барынша азайтуға қатысты талаптарды ескере отырып) алынуы тиіс.

Жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды қолдануға қойылатын ең аз талаптар осы Техникалық регламенттің 7-қосымшасының 5-кестесінде келтірілген.

4.8. Оттан қорғалған шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

127. Өрт шығу кезінде адамдардың өмірі мен материалдық құндылықтарды қорғау, оттың таралуына жол бермеу, көшіру жолдарын қорғауды қамтамасыз ету үшін, өрт шығу ошақтарын шектеу үшін оттан қорғалған шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларында отқа төзімділік талаптарына сәйкес отқа төзімді шыныларды ғана қолдану рұқсат етіледі.

128. Отқа төзімді арнайы шыныны қолдана отырып, шыныдан жасалған жарыққа мөлдір конструкциялар мыналардан:

- 1) термикалық өңдеу сынағынан өткен шыңдалған шыныдан (100% бақылау);
- 2) отқа төзімді көп қабатты шыныдан;
- 3) отқа төзімді арматураланған шыныдан дайындалуы тиіс.

Сұйық толтырғышы бар шыны пакеттерін оттан қорғағыш шыны ретінде қолдануға жол берілмейді.

129. Өлшем бірліктерін қамтамасыз ету үшін отқа төзімді шыныдан жасалған конструкциялардың мынадай белгіленуін қолдану қажет: E, EI, EW қаріптерімен шыныдан жасалған конструкциялардың отқа төзімділік сыныбы белгіленеді, одан әрі минутпен берілген отқа төзімділік шегі сандармен белгіленеді.

130. Оттан қорғалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияға отқа төзімділік шегі сынақ нәтижелері бойынша беріледі: отқа төзімділіктің ең төменгі шегі 30 минутті құрауы тиіс, одан әрі отқа төзімділік шегінің деңгейлері - 45 минут, 60 минут және 30 минут аралықпен одан да жоғары.

Егер оттан қорғалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияның сынау нәтижелері бойынша белгіленген отқа төзімділік шегі аралық шаманы білдірсе, онда мұндай шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияға отқа төзімділік шегі бойынша жақын тұрған төменгі деңгей беріледі.

131. Отқа төзімді шыныдан жасалған конструкциялар үшін оттан қорғалған шыныға қолданылатын белгілеулер қолданылады. Бұл ретте өндіруші (сатушы) отқа төзімді шыныға нақты шыныны сынаудың нәтижелері бойынша кез келген үлгілік жақтауша конструкция жиынтығындағы отқа төзімділік сыныбын және шегін тағайындауға құқылы.

132. Оттан қорғалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды мыналардан дайындалуы керек:

1) Е сыныбы шынысынан - отқа төзімділігін сынау кезінде белгіленген отқа төзімділік шегінде өзінің бүтіндігін сақтауы, қорғалатын жаққа қарай өрттің және жану өнімдерінің енуіне кедергі болатындай физикалық кедергі ретінде әрекет етуі тиіс. Е класы үшін өртке қарама қарсы жақта орналасқан шыны беті температурасының өсуі шектеулері белгіленбеген, сондай-ақ ол жылу сәулеленуін (ыстықты) өткізеді;

2) EW сыныбы шынысынан - Е класындағы шыныдан жасалған оттан қорғалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға қойылатын талаптарға қосымша отқа төзімділіктің белгіленген шегі ішінде өткізілетін жылу сәулеленуін шектеуі (10 кВт/м^2 көп емес) тиіс;

3) EI сыныбы шынысынан (шыныдан жасалған оттан қорғалған оқшаулағыш конструкция) — Е сыныбы шынысынан жасалған оттан қорғағыш конструкцияға қойылатын талаптарға қосымша отқа төзімділіктің белгіленген шегінде өткізілетін жылу сәулеленуін адамға қауіпсіз болатындай деңгейге дейін шектеп ($2,5 \text{ кВт/м}^2$ көп емес) отырылуы тиіс. EI сыныбы бұйымның отқа қарама қарсы жағында орналасқан шыны бетінің орташа жоғарылау температурасы 140°C аспауы тиіс.

133. Оттан қорғау конструкцияларына қойылатын талаптар:

1) отқа төзімді арматураланған шыныны тек E30 сыныбы шынысынан жасалған оттан қорғалған жарыққа мөлдір конструкцияларда ғана қолдануға болады;

2) Е сыныбының отқа төзімді шынысын тез тұтанғыш материалдары бар көшіру жолдары мен жайлардың оттан қорғалған жарыққа мөлдір конструкцияларда қолдануға болмайды;

3) Е сыныбының отқа төзімді шынысын, егер отқа қарсы кедергідегі шынылаудың жалпы ауданы кедергінің 25 %-нан асатын болса, оттан қорғалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларда қолдануға болмайды.

134. Ғимараттардың мына элементтерінде тек EI сыныбының отқа төзімді шынысын қолдануға болады:

1) көшіру жолдарының қорғалуын қамтамасыз ететін өртке қарсы кедергілердің шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялары;

2) басқа ғимараттарға тікелей жақын орналасқан шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялары (от пен жылу энергиясының берілуінен өрттің жақын орналасқан ғимараттарға таралуының алдын алу үшін);

3) сыртқы көшіру жолдарының тікелей жақын орналасқан (мысалы, ғимарат қабырғаларына немесе шатырдың көлденең бөліктері арқылы өтетін көшіру жолдарына тікелей жақын) терезелердің немесе шатырлардың шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялары, сондай-ақ сыртқы көшіру жолдарына әкелетін есік конструкциялары;

4) іргелес жатқан ішкі көшіру сатыларын қоршап тұрған шыныдан жасалған жарық өткізгіш мелдір қасбеттің сыртқы конструкциялары;

5) биік ғимараттардағы өртке қарсы баспаналардың жарық өткізгіш мелдір конструкциялары;

6) қасбеттің ішкі бұрышында ғимараттың әртүрлі бөліктерінің арасына өрт таралуының алдын алатын кедергі рөлін атқаратын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мелдір сыртқы конструкциялар.

4.9. Конструкциялардың өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

135. Конструкциялардың тіршілік циклінің барлық сатыларында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өрт қауіпсіздігі саласында қолданыстағы заңнамаларға, техникалық регламенттерге және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленген талаптар орындалуы тиіс.

136. Конструкцияларды жобалау және монтаждау кезінде мына талаптар орындалуы тиіс:

1) конструкциялық шешімдер конструкцияның ішкі қуысына өрт жалынының ену ықтималдығына болдырмауы тиіс;

2) терезе және есік қуыстарының бүкіл бойымен қаптаманың астына қалыңдығы кемінде 0,55 мм мырышталған болаттан немесе басқа да жанбайтын материалдардан жасалған қорғағыш маңдайша-экрандар орнатылуы тиіс. Экрандар қуыстың тиісті қиябетінен шетіне қарай кемінде 70 мм болатын қашықтықта негіз бен қаптаманың арасындағы саңылаудың бүкіл ені бойында конструкцияның негізгі жазықтығына перпендикуляр орналасуы тиіс;

3) ғимараттарда әртүрлі биіктіктегі шатыр учаскелері болған жағдайда соңғысы оған жоғарыдан жанасып жатқан шатырмен бүкіл жанасу контуры бойынша түйісу шекарасынан кемінде 3 м пайдаланылатын ені болуы және қасбеттік қоршау конструкцияларында қуыстар болуы тиіс;

4) ғимараттан шығатын жерлерде жоғарғы жағынан биіктігі 15 м дейін ғимарат конструкциясынан кемінде 1,2 м-ге шығыңқы және биіктігі 15 м және одан жоғары ғимараттардың кемінде 2,0 м шығыңқы етіп жанбайтын материалдан жасалған қорғауыш аспалар (маңдайшалар) орнатылуы тиіс.

137. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қасбеттік қоршау конструкцияларына оттың таралуына кедергі болатын жануы қиын немесе жанбайтын санаттарға жататын материалдар мен бұйымдар қосылады.

138. Конструкцияларды өндіру кезінде кәсіпорынның барлық қызметтерінің және өндіріске қатысы бар жұмысшылардың жұмыстары осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес өндірістің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етілетіндей түрде ұйымдастырылуы тиіс.

139. Қаптама тақташаларда сәндік тас үгіндісін желімдеу үшін қолданылатын эпоксидтік және полиэфирлік шайырлардың негізіндегі компаундылардың немесе 600 г /м² аспайтын мөлшерде жұмсалатын акрилдық композициялардың болуы қасбеттік қоршау конструкцияларының өрт қауіптілігін ұлғайтпауы тиіс.

140. Қасбеттік қоршау конструкцияларында ішкі қабаты алюминий гидроксиді негізіндегі жанбайтын материалдан жасалған жазық үш қабатты бұйымдар түріндегі қаптамаларды қолдануға рұқсат етіледі.

Өрт қаупін елеулі дәрежеде төмендету үшін қасбеттік қоршау конструкцияларында балқу температурасы барынша жоғары алюминий қорытпаларын пайдалану қажет.

141. Қасбеттік қоршау конструкцияларын мынадай жағдайларда:

1) техникалық куәлікте көзделмеген материалдарды жазықтықтарды қаптауға және бекіткіш бұйымдарды, жылытқышты дайындау үшін пайдалану кезінде (яғни, енгізілген өзгерістер, оның ішінде жаңа конструкциялық шешімдер жарамдылықты растау үшін жаңадан отпен сынауды, жаңа техникалық куәлікті толтыруды немесе қолданыстағы куәлікке өзгерістер енгізуді талап ететін болса);

2) қасбеттік қоршау конструкцияларында отпен сынаудан өтпеген және тек ұқсас материалдардың жанғыштық және тұтанғыштық топтарының сәйкестігіне негізделумен ғана қабылданған материалдарды қолдану;

3) техникалық куәлікте көзделген және қасбеттік қоршау конструкцияларының өрт қауіптілігі сыныбымен және осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттармен регламенттелген биіктігі бұзылған жағдайда;

4) қасбеттік қоршау конструкцияларында пайдаланатын материалдардың шығу тегін және сапасын растайтын құжаттар болмаған жағдайда қолдануға рұқсат етілмейді

142. Қасбеттік қоршау конструкциясы арқылы өрттің таралуына жол бермеу үшін терезе қуыстарын өрт кезінде қалқалап тұратын құрылғылармен қорғауды көздеу қажет

Қасбеттік қоршау конструкцияларының өрт қауіптілігі конструкциялардың өрттің дамуына қатысу дәрежесін және олардың өрттің қауіпті факторларын туындату қабілетін айқындау үшін қаптаманың түріне байланысты өрт қауіптілігі бойынша жіктелуі тиіс.

143. Өрт қауіпсіздігі жанбайтын және әлсіз жанатын композиттік материалдарды өртке қарсы қорғану жөніндегі сындарлы шешімдермен үйлестіріп қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

144. Қасбеттік қоршау конструкцияларының учаскелері периметрі бойынша ғимараттан шығатын барлық көшіру жолдарының әр еңісінен жанбайтын минералды-мақталық тақташаларын жылытқыш ретінде қолдана отырып, ені кемінде 1 м болатындай жасалынуы тиіс.

Қасбеттік қоршау конструкцияларының учаскелері өрт баспалдағының, сыртқы кіреберіс баспалдағы кескінінің бүкіл биіктігі шегінде және баспалдақтың тиісті шетінен санағанда әр бүйірлік жағына қарай кемінде 0,5 м жанбайтын минерал-мақталық тақташалар қолданылып жасалуы тиіс.

145. Жобалауға арналған материалдарда көрсетілген конструкцияның техникалық шешімдерінен ауытқулар, көзделген материалдар мен бұйымдарды басқасына алмастыру жобалау ұйымдарымен келісіледі.

146. Сәндік-қорғағыш сылағы бар қасбеттік қоршау конструкцияларында кесіп, жиектеу мен жиектеуді орындау үшін қасбеттік қоршау конструкцияларында қолдануға рұқсат ету құжатына бар тас жыныстардан жасалған талшықтары бар және талшықтарының балқу температурасы кемінде 1000 ° С болатын жанбайтын минералды-мақталық тақташалар қолданылуы қажет.

4.10. Конструкциялардың санитарлық-эпидемиологиялық, радиациялық қауіпсіздіктеріне және қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар

147. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды өндіру кезінде қолданылған көп қабатты шынылар және шыны пакеттердің, барлық негізгі материалдар мен жинақтаушы бұйымдардың санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігі осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарға сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындымен расталуы тиіс.

Осы Техникалық регламенттің қалған объектілері үшін санитарлық-эпидемиологиялық қорытындымен санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін растау талап етілмейді, себебі олардың қауіпсіздігі материалдың қасиеттерімен қамтамасыз етіледі.

148. Санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған жарық

өткізгіш мөлдір конструкциялар осы Техникалық регламентте белгіленген ғимараттар мен құрылыстарда адамдардың көру қауіпсіздігі, термикалық қауіпсіздігі және шудан қорғауға қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

149. Олардың тіршілік циклінің барлық сатыларындағы конструкциялардың радиациялық қауіпсіздігі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген талаптарды орындау жолымен қамтамасыз етілуі тиіс.

150. Конструкциялар адам ағзасына жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін және осы Техникалық регламентпен үйлестірілген нормативтік құжаттарда белгіленген шекті рұқсат етілетін мәннен асатын мөлшерде қоршаған ортаға радиоактивті сәулелену көзі болмауы тиіс.

151. Сәулеленудің күтілетін жеке жылдық қарқынды мөлшері конструкцияларды қолдану мүмкіндігі туралы шешім қабылдау өлшемдері болып табылады, оларды

жоспарланған түрде пайдалану кезінде 10 мкЗв аспауы тиіс, ал жылдық қарқынды мөлшері бір адамға - 3в артық болмауы тиіс.

152. Адамға және қоршаған ортаға радиация әсерін тигізуі мүмкін конструкцияларды санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысыз айналымда қолдануға рұқсат етілмейді.

Конструкциялардың радиациялық қауіпсіздігінің нақты нормативтері осы Техникалық регламентпен үйлестірілген стандарттарда белгіленеді.

153. Конструкциялардың әрбір партиясы кәдеге жарату кезінде радиациялық бақылаудан өткізілуге тиіс.

154. Радионуклидтермен ластанған конструкциялардың элементтерін кәдеге жарату жұмыстарын жүргізетін персонал ұшқынға төзімді, жақсы активсіздендірілген материалдардан жасалған арнайы жеке қорғану құралдарымен жарақталуы тиіс.

155. Конструкцияларды өндіру кезінде үлесті бета-белсенділігі 0,3 - 100 кБк/кг, немесе үлесті альфа-белсенділігі 0,3-10 кБк/кг, немесе құрамындағы трансурандық радионуклидтер мөлшері 0,3 - 1,0 кБк/кг болатын материалдар мен бұйымдарды мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы болғанда ғана шектеулі түрде қолдануға болады және олар міндетті радиациялық бақылауға жатады.

156. Қайта өңдеу ұйымдарына жөнелтуге арналған ластанған шикізат активсіздендірілгеннен кейін қосарлы радиоактивті қалдықтардың пайда болуын болдырмайтын радиациялық объектілерінде одан әрі пайдаланудың кез келген нұсқалары кезінде алдын ала өңдеуге жатады.

Өндіріс процесінде радиоактивті заттарды қолданатын кәсіпорындардан жіберілген қосарлы материалдардың тобы активсіздендіру туралы құжаттармен қамтылуы тиіс.

157. Құрамында радионуклидтер бар материалдарды активсіздендіру немесе басқа да әдіспен өңдеу жүргізілетін ұйымдардың санитарлық төлқұжаты және көрсетілген қызмет түрлерін жүргізуге лицензиясы болуы тиіс. Шикізатты өңдеу және оны одан әрі пайдалану технологиясы санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының негізінде әзірленіп, бекітіледі.

158. Өзге материалдардан жасалған конструкцияларды өндіру кезінде қоршаған ортаны ластамайтын технологиялық процестер қолданылуы және оны қорғау мақсатындағы іс-шаралар кешені көзделуі тиіс.

4.11. Конструкцияларды тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптар

159. Конструкциялар сақтау мен тасымалдауға тиісті түрде оралып және таңбаланған жағдайда жіберіледі.

Конструкциялар қатты заттарға кездейсоқ соғылудан, жанасудан және дірілден қорғауды қамтамасыз ететін жәшіктерге, пакеттерге, пирамидаларға, контейнерлерге немесе өзге де ыдыс түрлеріне салынуы тиіс.

160. Шыныдан жасалған конструкцияларды сызаттағыш қосындылары жоқ және оның сақталуын қамтамасыз ететін жұмсартқы материалы бар ыдысқа орнатады.

161. Ыдыс жүктерді тасымалдау шарттарына сәйкес тасымалдау және сақтау жағдайларында есептік жүктемелерге төтеп беруі тиіс. Ыдысқа арналған нормативтік құжаттарда ыдысқа салынатын конструкциялардың ең жоғары саны көрсетілуі тиіс.

162. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың арасына сызаттағыш қосындылары жоқ төсеме материалдар төселуі немесе арнайы ұнтақ себілуі тиіс.

163. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциясының таңбалануы төменде көрсетілген талаптарға сәйкес салынуы тиіс:

1) көп қабатты шыныдан жасалған конструкцияның төменгі сол жақ бұрышына үй-жай ішінен оқылатын және мыналарды: дайындаушы кәсіпорынның атауын және/немесе тауар белгісін; дайындалған айы мен жылын; көп қабатты әйнектің шартты белгісін қамтитын шайылмайтын анық таңбалау салынады;

2) шыңдалған шыныдан жасалған конструкцияның төменгі сол жақ бұрышына (үй-жайға қатынасы бойынша) мыналарды: дайындаушы кәсіпорынның атауы және/немесе тауар белгісін, шыңдалған шынының шартты белгісін қамтитын шайылмайтын анық таңбалау салынады.

Жабыны бар шыңдалған шынының жабыны жоқ жағынан төменгі сол жақ бұрышына (үй-жайға қатынасы бойынша) таңбалау салынады;

3) әр Шыны пакетке (қашықтық жақтаушаға немесе үй-жайға қатынасы бойынша шынының төменгі сол жақ бұрышына) шайылмайтын, анық үй-жай ішінен оқылатын және мыналарды: дайындаушы кәсіпорынның атауын және/немесе тауар белгісін, дайындалған айы мен жылын қамтитын таңбалау салынады.

Жарық өткізгіш мөлдір қоршағыш конструкцияларда көп қабатты немесе шыңдалған шыны қолданылған жағдайда таңбалауда қолданылған көп қабатты немесе шыңдалған шынының шартты белгісі көрсетілуі немесе көп қабатты немесе шыңдалған шынының таңбасы көрініп тұратындай етіп орналастырылуы тиіс;

4) отқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір қоршаудың әрбір конструкцияларында мыналарды: дайындаушы кәсіпорынның атауын және/немесе тауар белгісін; шартты белгісі және/немесе сауда белгісін; отқа төзімділік сыныбын; қалыңдығын, мм қамтитын шайылмайтын анық таңбалау салынады.

164. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкцияларындағы, сондай-ақ ыдыстағы таңбалау конструкция туралы мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- 1) дайындаушы кәсіпорынның атауы және/немесе тауар белгісі;
- 2) шартты белгісі;

3) конструкциялардың данамен көрсетілген саны.

165. Конструкцияларды тасымалдау кезінде сақталуы және атмосфералық әсер етулерден, соққы мен дірілден қорғалуы қамтамасыз етілген жағдайда барлық көлік түрлерімен тасымалданады. Конструкцияларды көлік құралдарына орналастыру және бекіту өнім салынған ыдыс тасымалдау барысында ығысып кетпейтіндей және оны көлік құралынан түсіру кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірмейтін түрде жүргізілуі тиіс.

166. Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкцияларын тасымалдау кезінде контейнерлерде, жәшіктерде немесе өзге де ыдыс түрлерінде олар қозғалыс бағыты бойынша орналасатындай етіп (су көлігімен тасымалдаудан басқа) жайғастырады.

167. Конструкцияларды тасымалдау, тиеу және түсіру кезінде олардың механикалық зақымдалудан сақталуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы тиіс.

168. Кез келген конструкцияны адамдардың үстінен алып өтуге тыйым салынады.

169. Конструкцияларды тиеу-түсіру және тасымалдау операцияларын жүзеге асыратын барлық персонал бұл операцияларды орындау ережелері мен оларды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін оқыған болуы тиіс.

170. Конструкцияларды тиеу-түсіру және тасымалдау операцияларын орындайтын барлық персонал қорғау құралдарымен қамтамасыз етілуі және оларды бұл операцияларды орындау кезінде міндетті түрде қолдануы тиіс.

171. Конструкциялар мен олардың құрамдас элементтері құрғақ жылытылатын жабық жайларда сақталуы тиіс.

172. Конструкцияларды сақтау кезінде (ыдыста немесе ыдыссыз) арнайы жұмсартқыш төсемдерге тігінен 3-15 ° бұрышпен еңкейтілген күйі орнатылуы тиіс.

173. Конструкцияларды сақтау кезінде олардың арасына төсем материалдар салынып немесе бетіне конструкцияны зақымдамайтын арнайы ұнтақтар себілуі тиіс.

174. Егер тасымалдау ыдысы ылғал болса, оны жабық жайларда ашып және конструкцияның кебуін қамтамасыз ету қажет.

4.12. Конструкцияларды кәдеге жарату кезінде қойылатын қауіпсіздік талаптары

175. Өнеркәсіптік қайта өңдеуге жатпайтын конструкция қалдықтарын кәдеге жарату қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

176. Конструкциялар мен олардың элементтерін кәдеге жарату оларды өнеркәсіптік қайта өңдеу жолымен жүргізілуі тиіс.

177. Құрамында қымтағыштары, металл бұйымдары бар конструкциялардың қалдықтарын (шыны пакеттер мен арматураланған шыны) кәдеге жарату кезінде жинақтаушы бұйымдарға бөлшектелуі тиіс (өнеркәсіптік қайта өңдеуге жатпайтын шыны және шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкциялар

қалдықтарынан басқа). Жинақтаушы бұйымдардың әрбір түрі жеке кәдеге жаратуға жатады.

178. Қаптама немесе жылудан оқшаулағыш элементтер қолданылған конструкциялар бұл элементтер үшін белгіленген кәдеге жарату ережелері бойынша кәдеге жаратылуы тиіс.

179. Бөлшектеу жұмыстарды жүргізу ережелеріне қойылатын талаптар, оның ішінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптары белгіленуі тиіс технологиялық құжаттар бойынша орындалуы тиіс.

5. Конструкциялардың техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалау

180. Конструкцияларда қолданылатын материалдардың сәйкестігін міндетті және еркін растау қолданыстағы заңнамаға, "Құрылыс материалдарының, бұйымдар мен құрылымдардың қауіпсіздігі" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы N 96 қаулысына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

181. Сәйкестікті міндетті растау конструкцияларды өндіру үшін пайдаланылатын материалдар мен элементтер оған Қазақстан Республикасы қосылған және конструкцияның бұл элементтерінің сәйкестігін міндетті түрде растау көзделген халықаралық келісімдердің, конвенциялар мен өзге де құжаттардың қолданылу саласына жатқызылған жағдайда қолданылады.

182. Конструкцияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және олардың осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін бағалау үшін конструкциялардың сипаттамаларына қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілеу кезінде үйлестірілген стандарттар қолданылады.

183. Үйлестірілген стандарттарда конструкция материалдары мен элементтерінің тұтынушылық қасиеттерін (сапасын) сипаттайтын көрсеткіштермен қатар қауіпсіздікті айқындайтын көрсеткіштердің нақты сандық мәндері түрінде сандық сипаттамалар мен сәйкестік презумпциясының қағидаты белгіленген.

184. Үйлестірілген стандарттардың талаптарына сәйкес конструкциялар осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес деп есептеледі.

185. Конструкциялар олардың талаптары үйлестірілген стандарттарда көрсетілген талаптардан төмен емес өзге де стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар бойынша, ал мұндай құжаттар болмаған жағдайда сәулет, қала салу және құрылыс саласындағы уәкілетті органмен келісілген нормалардан төмен емес шарттарда дайындалуы мүмкін.

186. Конструкциялардың осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалау мынадай:

- 1) жобалардың сараптау;
- 2) пайдалануға қабылдау кезеңдерде жүргізіледі.

187. Конструкциялардың сәйкестігін бағалауды және пайдалануға қабылдауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес комиссия жобалық құжаттардың сәйкестігін тексергеннен кейін жүргізіледі.

188. Техникалық регламенттердің өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптардың орындалуын бағалау өрт қауіпсіздігі туралы заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

6. Үйлестірілген стандарттар тізімі

189. Талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін үйлестірілген стандарттар тізімі (дәлел қоры) осы Техникалық регламенттің 11-қосымшасында келтірілген.

190. Осы Техникалық регламентте белгіленген қауіпсіздік талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін конструкцияға арналған қолданыстағы стандарттарды үйлестіру техникалық реттеу туралы заңнамаға сәйкес жүргізіледі.

7. Өтпелі кезең

191. Осы Техникалық регламент күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері мен сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік техникалық құжаттары басқа материалдардан жасалған конструкциялардың қауіпсіздігіне, осы Техникалық регламент талаптарын қайталайтын және сәйкес келмейтін бөлігінде түзетуге немесе белгіленген тәртіппен күшін жоюға жатады.

192. Осы Техникалық регламент алғаш рет ресми жарияланған күнімен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Техникалық регламентке
1-қосымша

Ауа саңылауына қойылатын талаптар

Термикалық үзгіш жік	Қаптайтын тақташа ауданы, м ²	Қалыңдығы, мм	Ескерту
Ені 2-10 мм көлденең және тік жіктер	0,4 және одан астам	50	Ауаның кіруіне және шығуына арналған саңылаулардың қима ауданы кемінде 50 см ² /м болуы тиіс
	0,4 және одан аз	30	
Ені 2-10 мм көлденең жіктер	0,4 және одан астам	40	
	0,4 және одан аз	20	

Техникалық регламентке
2-қосымша

Қасбеттік қоршау конструкцияларының жылу оқшаулауыш материалдарына қойылатын талаптар

			Жылу өткізгіштігі, Вт/м К, көп емес,		
--	--	--	--------------------------------------	--	--

Қалыңдығы, мм	Тығыздығы, кг/м ³ көп емес	Жанғыштығы	10 °С-та	25 °С-та	Пайдалану жағдайлары кезінде		Қысылуға беріктігі (10%-дық деформациялану кезінде), кПа, кем емес	Су сіңірушілігі, көлемі бойынша %, көп емес
					А	Б		
75	50-ден 75 дейін	НГ	0,047	0,077			-	-
125	75-тен жоғары 125 дейін	НГ	0,049	0,072			-	-
150	101-ден 150 дейін	НГ	0,052	0,070			-	-
225	201-ден 250 дейін	НГ	0,054	-			0,045-тен 0,100 дейін	30-дан 40 дейін
50, 80, 100, 120, 150	28-33	НГ	0,033	0,035	0,036	0,04	7	1,5
50, 70, 100, 120, 140, 150, 160, 180	46-50	НГ	0,033	0,035	0,036	0,040	3	1,5
30, 40, 50	80...110	Г1 (негіз НГ)	0,032	0,034	0,040	0,043	-	-

Техникалық регламентке
3-қосымша

Қасбеттік қоршау конструкцияларының экраны материалдарына қойылатын талаптар

Материал	Сызықтық кеңею коэффициенті, °С ⁻¹	Минус 40 °С-тан + 80 °С-ға дейінгі ауқымдағы деформация шамасы, мм/м	Нормативтік пайдалану мерзімі	Экранның қалыңдығы, мкм
Болат	0,1-10 ⁻⁴	1,20	5 жыл	Мырышты жабынның қалыңдығы 20 мкм дейін
			10 жыл	Мырышты жабынның қалыңдығы кемінде 20 мкм және лак-бояу жабынның қабаты кемінде 40 мкм

Қыш гранит	$0,06 \cdot 10^{-4}$	0,71	50 жыл	Тақташаның қалыңдығы кемінде 7 мм
Алюминий қорытпасы	$0,24 \cdot 10^{-4}$	2,88	20 жыл	АД 31ТІ алюминий қорытпасынан жасалған анодталған элементтер үшін анодтық тотығу қабаты кемінде 15 мкм
			35 жыл	АД 31ТІ алюминий қорытпасынан жасалған анодталған элементтер үшін анодтық тотығу қабаты кемінде 15 мкм және лак-бояу жабын қабаты үшін кемінде 40 мкм
			40 жыл	6060 және 6063 маркалы алюминий қорытпасынан жасалған элементтер үшін
			50 жыл	Алюминийлі-мырышты жабынның (гальвалюм немесе гальвалюм) болат (тоттануға төзімді болаттан жасалған) элементтер үшін қалыңдығы кемінде 20 мкм кем емес және лак-бояу жабын қабаты үшін кемінде 40 мкм
Шыны	$90 \cdot 10^{-7}$	0,25	50 жыл	Табағының қалыңдығы 15 мм дейін үздіксіз прокатталған шыныдан жасалған элементтер үшін

Техникалық регламентке
4-қосымша

Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларын пайдалану кезінде

**оларды қауіпсіз қолдануға қойылатын талаптар (адамның
пынығы соқтығысу мүмкіндігі жағынан)**

Санаты	Үй-жай түрлері және сипаттама лары	1 типі	2 типі	3 типі	4 типі	5 типі	6 типі	7 типі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
		Тік аралық қабырғалар			Тік және/ немесе көлбеу аралық қабырғала р	Есіктер	Шатырлар	Төбелер
		Д>0,5 м h<0,9 м	Д>0,5 м h<0,9 м	h> 0,9 м				
1	Тұрғын үй-жайлар ы, балалар , оқу және емдеу мекемелер інің үй-жайлар ы	Шыңдалға н СМ3 К ө п қабатты СМ2	К ө п қабатты СМ2	Нормалан байды	Табақты, шыңдалға н, көп қабатты	1 - 3 типтерге қойылаты н талаптард ы қараңыз және баспалдақ алаңшасы н а шығатын есіктер үшін ерекше талаптар	К ө п қабатты СМ2	К ө п қабатты СМ1 Шыңдалға н СМ3
2	Кеңсе үй-жайлар ы мен сауда аандары	Шыңдалға н СМ3 К ө п қабатты СМ2	К ө п қабатты СМ2	Нормалан байды			К ө п қабатты СМ2	К ө п қабатты СМ1 Шыңдалға н СМ3
3	Адамдар шоғырлан атын жерлер (1, 2 және 4 санаттард ы н үй-жайлар ы н қоспағанд а)	Шыңдалға н СМ3 К ө п қабатты СМ2	К ө п қабатты СМ2	Шыңдалға н СМ3 К ө п қабатты СМ2			К ө п қабатты СМ2	К ө п қабатты СМ1 Шыңдалға н СМ3
	Материалд ы қ құндылық							

4	тарды жинауға және сақтауға арналған үй-жайлар, оның ішінде жалпыға қолжетімді	Шыңдалған СМ3	Көп қабатты СМ2	Нормалан байды		Көп қабатты СМ2	Көп қабатты СМ1 Шыңдалған СМ3
---	--	---------------	-----------------	----------------	--	-----------------	-------------------------------

Ескерту:

h еден деңгейінен терезеалдының биіктігі, Д - шынылаудың әр жағы беттері бойынша еден деңгейлерінің арасындағы айырмашылық; б - қабырғаның тік бетке қатысты еңкею бұрышы

1 типті құрылым: ($\beta < 15^\circ$) Д < 0,50 м және h < 0,9 м тік қабырғалар (аралық қабырға, қасбеттер, қабырғалардың терезе алды бөліктері және т.б.)

2 типті құрылым: ($\beta > 15^\circ$) Д > 0,50 м және h < 0,9 м тік қабырғалар (аралық қабырға, қасбеттер, қабырғалардың терезе алды бөліктері және т.б.)

3 типті құрылым: ($\beta > 15^\circ$) және h > 0,9 м тік қабырғалар (аралық қабырға, қасбеттер, қабырғалардың терезеалды бөліктері және т.б.)

4 типті құрылым: адамның шыныға соқтығысуы мүмкін болатын адам қызметінің аумағына шектейтін басқа да қабырғалар (аралық қабырғалар). Беріктігі СМІ қорғаныштық сыныбының талаптарына сәйкес табақты шыныны қолдануға рұқсат етіледі. Қолданылатын көп қабатты немесе шыңдалған шынының қорғаныштық сыныбына талаптар қойылмайды.

Техникалық регламентке
5-қосымша

Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды пайдалану кезінде қауіпсіздікке қойылатын талаптар 1-кесте

Қорғаныштық сыныбы	Құлау биіктігі, мм,
СМ1	300±30
СМ2	700±30
СМ3	1200±30
СМ4	2000±50

Соққыға және сынуға төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға қойылатын талаптар 2-кесте

Қорғаныштық сыныбы	Құлау биіктігі, мм	Соққылардың жиынтық саны

Шармен сынау		
P1A	1500±20	3
P2A	3000±20	3
P3A	6000±20	3
P4A	9000±20	3
P5A	9000±20	3ЧЗ*
Балтамен және балғамен сынау		
P6B	-	30-дан 50-ге дейін
P7B	-	50-ден жоғары 70-ке дейін
P8B	-	70-тен жоғары

*- үш нүктенің әр қайсысына үш соққыдан беріледі.

Техникалық регламентке
6-қосымша

Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын оққа төзімді көп қабатты шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға қойылатын талаптар

Қорғаныштық сыныбы	Қару түрі	Патронның атауы мен индексі	Оқтың сипаттамасы			А т ы с қашықтығы, м
			Өзек типі	Салмағы, г	Жылдамдығы м/с	
1	2	3	4	5	6	7
П1	Макаров пистолеті (ПМ)	9-мм 57-Н-181С пистолет патроны, Пст оғымен	болат	5,9	315±10	50,05
	"Наган" типті револьвер	7,62-мм 57-Н-122 револьвер патроны, Р оғымен	қорғасын	6,8	285±10	50,05
П2	ПСМ арнайы шағын калибрлі пистолеті	5,45-мм 7Н7 пистолет патроны, Пст оғымен	болат	2,5	320±15	50,05
	Токарев пистолеті (ТТ)	7,62 мм 57-Н-134С пистолет патроны, Пст оғымен	болат	5,5	430±15	50,05
П2а	12-ші калибрлі аңшылық қару	18,5-мм аңшылық патроны	қорғасын	35,0	400±10	50,05
	АК-74 автоматы	5,45-мм 7Н6 патроны, ПС оғымен	болат, термикалық нығайтылған	3,4	900±10	5-10

	А К М автоматы	7,62-мм 57-Н- 231 патроны, ПС оғымен	болат, термикалық нығайтылған	7,91	725±15	5-10
П4	А К - 74 автоматы	5,45-мм 7Н10 патроны, ПП оғымен	болат, термикалық нығайтылған	3,6	900±10	5-10
	С В Д мылтығы	7,62-мм 57-Н- 323С патроны , ЛПС оғымен	болат, нығайтылған	9,6	830±10	5-10
П5	А К М автоматы	7,62-мм 57-Н- 231 патроны, ПС оғымен	болат, термикалық нығайтылған	7,9	725±15	5-10
П5а	А К М автоматы	7,62-мм 57-БЗ- 231 патроны, БЗ оғымен	арнайы	7,6	735±15	5-10
П6	С В Д мылтығы	7,62-мм СТ - М 2 патроны	болат, нығайтылмаға н	9,6	830±10	5-10
П6а	С В Д мылтығы	7,62-мм 7-БЗ- 3 патроны, Б-32 оғымен	арнайы	10,4	820±20	5-10

Техникалық регламентке
7-қосымша

Алып жүретін бомбамен террористік шабуылдау қаупі төнген кезде ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға қойылатын талаптар 1-кесте

Қорғаныштық сыныбы	Зарядтың салмағы ТНТ, кг	Жарылыс болуы мүмкін жерден қашықтығы, м	ЖСТ оң кезеңінің қысымы, кПа	ЖСТ оң кезеңі екпінінің үлестік шамасы, Па*с
SB1(X)	3	9	70	150
SB2(X)	3	7	110	200
SB3(X)	3	5	250	300
SB4(X)	3	3	800	500
SB5(X)	12	5,5	700	700
SB6(X)	12	4	1600	1000
SB7(X)	20	4	2800	1500

Автокөлік бомбасымен террористік шабуылдау қаупі төнген кезде ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға қойылатын талаптар 2-кесте

--	--	--	--	--

Қорғаныштық сыныбы	Зарядтың салмағы ТНТ, кг	Жарылыс болуы мүмкін жерден қашықтығы, м	ЖСТ оң кезеңінің қысымы, кПа	ЖСТ оң кезеңі екпінінің үлестік шамасы, Па*с
EXV45(X)	30	32	30	180
EXV33(X)	30	23	50	250
EXV25(X)	40	19	80	380
EXV19(X)	64	17	140	600
EXV15(X)	80	14,4	250	850
EXV12(X)	100	12,4	450	1200
EXV10(X)	125	11	800	1600

Алып жүретін және автокөлік бомбаларымен террористік шабуылдау қаупі төнген кезде жарылысқа тезімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға қойылатын талаптар 3-кесте

Қорғаныштық сыныбы	Зарядтың салмағы ТНТ, кг	Жарылыс болуы мүмкін жерден қашықтығы, м	Өткінші ЖСТ екпінінің үлес шамасы, Па с көп емес	Өткінші ЖСТ қысымы, кПа көп емес
K1	2	23	10	6,5
K2		12	20	15
K3		9	35	25
K4		5	55	65
K5		3	100	200
K6	100	45	150	20
K7		30	220	35
K8		20	330	65
K9		15	500	100
K10		12	750	175

Алып жүретін немесе автокөлік бомбаларымен террористік шабуылдау қаупі төнген кезде ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларға қойылатын талаптар және ЖСТ өлшемдері 4-кесте

Қорғаныштық сыныбы	BK1	BK2	BK3	BK4	BK5	BK6	BK7
1	2	3	4	5	6	7	8
Қайтарылған ЖСТ қысылу кезеңі екпінінің	120	200	280	360	440		600

ү л е с шамасы, Па *с						520	
Заряд мөлшері ТНТ, кг	2	2	100	100	100	100	100
Жарылыс болған жерден кашықтығы, м	8,92	5,7	53,9	40	33	28,3	25
Өткінші Ж С Т қысылу кезеңіндегі ең көп қысым, кПа	26,9	58,3	12,9	20	26,7	34,3	42
Қайтарылға н Ж С Т қысылу кезеңіндегі ең көп қысым, кПа	59,7	143	27,2	42	59,2	78,1	99
Өткінші Ж С Т қысылу кезеңіндегі екпіннің ү л е с шамасы, Па *с	58,6	93,9	141	179	215	250	284
Ж С Т қысылу кезеңінің ұзақтығы, мс	5,64	4,51	26,6	23,1	20,8	19,3	18
Қайтарылға н Ж С Т сирету кезеңіндегі ең көп қысым ауытқуы, кПа	-11	-18	-7	-9,3	-12	-13	-15
Қайтарылға н Ж С Т сирету кезеңіндегі екпіннің ү л е с шамасы, Па *с	-108	-169	-242	-324	-396	-462	-522

ЖСТ сирету кезеңінің ұзақтығы, мс	20,6	20,6	76	76	76	76	76
Өткінші ЖСТ сирету кезеңіндегі екпіннің үлес шамасы, Па*с	-54	-85	-121	-162	-198	-231	-261

Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын жарылысқа төзімді шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың ең төменгі талап етілетін қорғаныштық сыныптары 5-кесте

Объектілердің түрлері	Қабат	Қорғаныштық сыныбы			
		5-кесте	6-кесте	7-кесте	8-кесте
Кеңсе және әкімшілік ғимараттары	1-3	SB2(C)	-	K4	BK2
	4-6	SB1(C)	-	K3	BK1
Адамдардың көп шоғырлану мүмкіндігі көзделетін ғимараттар: сауда және көңіл көтеруге орталықтары, спорттық құрылыстар, ж ү з у бассейндері. Балалар және емдеу мекемелері	1-3	-	EXV45(C)	K7	BK4
	4-6	-	EXV33(C)	K6	BK3
Теміржол, өзен, теңіз, авто- және аэровокзал ғимараттары.		-	EXV19(C)	K8	BK7

Техникалық регламентке
8-қосымша

Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялардың қирау сипаттамасына байланысты ЖСТ қайталама зақымдау факторларының қауіптілік сыныптары

Қауіптілік сыныбы	Қауіптілік дәрежесі	Сипаттамасы
		Жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкциялары шынысында

A	Қирамаған	жарықшақтар және көзге көрінетін зақымдар жоқ
B	Қирауы қауіп төндірмейді	Шыныда жарықшақтар бар, алайда шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларды жақтау толық ұстап тұр. Конструкцияда ойықтар және конструкцияның қорғалған жағында шыны сынықтары жоқ.
C	Қауіптілігі ең аз	Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкцияларда жарықшақтар бар, бұл ретте конструкциядағы ойықтардың жалпы ұзындығы (оның ішінде конструкцияның периметрі бойынша) жарық ойығы периметрінің ұзындығынан 20%-ға төмен. Бұл ретте тік бақылау панеліндегі ойықтар үштен аспайды. Еденде қорғалатын жағынан конструкциядан 1-3 м қашықтықта жиынтық мөлшері (ауқымы бойынша) 250 мм кем шыны сынықтары болмауы тиіс. Шыны шаңы мен ұсақ сынықтар ескерілмейді. Мамандандырылған конструкцияларға конструкцияның жарылыстан қосымша қорғау арматурасымен берік ұсталып және басқа да жоғарыда келтірілген шарттар сақталған жағдайда ойықтардың жалпы ұзындығы жарық ойығы периметрінің ұзындығынан 20% төмен болған кезде C сыныбын (қауіптілігі ең аз) тағайындауға рұқсат етіледі. Қирау сипаттамасы мен жарылыстан қорғау арматурасының сипаттамасы сынау хаттамасында көрсетілуі тиіс.
D	Қауіптілігі өте төмен	Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір құрылым қираған, алайда шыны сынықтары бастапқы жағдайдан 1 м аспайтын қашықтықта болады. Бұл ретте тік бақылау панеліндегі ойықтар үштен аспайды. Еденде қорғалатын жағынан конструкциядан 1-3 м қашықтықта жиынтық мөлшері (ауқымы бойынша) 250 мм кем шыны сынықтары болмауы тиіс. Шыны

		шаңы мен ұсақ сынықшалар ескерілмейді.
E	Қауіптілігі төмен	Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция қираған, алайда оның сынықтары қорғалатын жағында бастапқы жағдайдан 1-3 м қашықтықта болады. Бұл ретте еден деңгейінен 0,5 м биікте тік бақылау панеліндегі ойықтар оннан көп болмайды. Тік бақылау панелінің картон қаптамасында тереңдігі 12 мм асатын сынықтар болмауы тиіс.
F	Қауіптілігі жоғары	Шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкция қираған. Бұл ретте еден деңгейінен 0,5 м биікте тік бақылау панеліндегі ойықтар оннан көп болмайды немесе тік бақылау панелінің картон қаптамасында тереңдігі 12 мм асатын ең кемі бір ойық болса.

Техникалық регламентке
9-қосымша

Ғимараттар мен конструкцияларда қолданылатын шыныдан жасалған сыртқы конструкциялардың жылу өткізуге үлестік кедергісінің талап етілетін мәндері

Ғимараттар мен үй-жайлардың санаттары, а және b коэффициенттері	Жылу берілетін кезеңдегі градус-тәулік Dd, °C*тәу	Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкциялардың жылу өткізуге үлестік кедергісінің талап етілетін мәндері Rreq, м ² *°C/Вт	
		Терезелер және балкон есіктері, сөрелер мен витраждар	Шыныдан жасалған тік конструкциялары бар фонарлар
1	2	3	4
Тұрғын үй, емдеу-сауықтыру және балалар мекемелері, мектептер, интернаттар, қонақ үйлер мен жатақханалар	2000	0,3	0,3
	4000	0,45	0,35
	6000	0,6	0,4
	8000	0,7	0,45
	10000	0,75	0,5
	12000	0,8	0,55
a			2,5x10 ⁻⁵
b			0,25
Жоғарыда көрсетілгендерден басқа	2000	0,3	0,3
	4000	0,4	0,35

қоғамдық, әкімшілік және тұрмыстық, өндірістік әрі өзге де ылғал немесе сулы режимді ғимараттар	6000	0,5	0,4
	8000	0,6	0,45
	10000	0,7	0,5
	12000	0,8	0,55
a		5×10^{-5}	$2,5 \times 10^{-5}$
b		0,2	0,25
Құрғақ және қалыпты режимді өндірістік ғимараттар	2000	0,25	0,2
	4000	0,3	0,25
	6000	0,35	0,3
	8000	0,4	0,35
	10000	0,45	0,4
	12000	0,5	0,45
a		$2,5 \times 10^{-5}$	$2,5 \times 10^{-5}$
b		0,2	0,15

Ескерту:

Кестедегіден айырмашылығы бар Dd мөлшері үшін R_{req} мәндерін, $R_{req} = a \cdot Dd + b$ формуласы бойынша анықтау керек, мұндағы Dd - жылу берілетін кезеңдегі градус-тәулік, $^{\circ}C \cdot t_{\text{әу}}$, нақты тармақ үшін; a , b - ғимараттар мен құрылыстардың тиісті санаттары үшін мәндері кесте деректері бойынша қабылдануы тиіс коэффициенттер, 1 санатты ғимараттар мен құрылыстардың терезелерін және балкон есіктерін, сөрелер мен витраждарды қоспағанда, мұндағы

6000 $^{\circ}C \cdot t_{\text{әу}}$ дейінгі аралық үшін: $a = 7 \times 10^{-5}$, $b = 0,15$;

(6000 - 8000) $^{\circ}C \cdot t_{\text{әу}}$ дейінгі аралық үшін: $a = 5 \times 10^{-5}$, $b = 0,3$;

8000 $^{\circ}C \cdot t_{\text{әу}}$ дейінгі және одан жоғары аралық үшін: $a = 2,5 \times 10^{-5}$, $b = 0,5$.

Техникалық регламентке
10-қосымша

Түссіз шыныдан жасалған жарық өткізгіш мөлдір конструкциялар үшін қалыңдығына қарамастан бағытталған жарық өткізу коэффициентіне қойылатын талаптар 1-кесте

Шыны қалыңдығының ауқымдары, мм	Бағытталған жарық өткізу коэффициентінің талап етілетін ең аз шамасы
2,2 көп емес	0,89
2,2 жоғары 3,2 дейін	0,88
3,2 жоғары 4,2 дейін	0,87
4,2 жоғары 5,2 дейін	0,86
5,2 жоғары 6,2 дейін	0,85
6,2 жоғары 8,2 дейін	0,83
8,2 жоғары 9,2 дейін	0,81

9,2 жоғары 10,2 дейін	0,79
10,2 жоғары 15,2 дейін	0,76
15,2 жоғары 19,2 дейін	0,72
19,2 жоғары 25,2 дейін	0,67

Ғимараттар мен құрылыстарда қолданылатын шыныдан жасалған конструкцияларға шудан қорғау көрсеткіштері бойынша қойылатын ең аз талаптар шегі 2-кесте

Ғимараттың мақсаты	Көлік қозғалысы барынша қарқынды ғимараттар қасбеттерінде баламалы шу деңгейлері кезінде (күндізгі уақытта, "қарбалас" сағаттар) шу окшаулаудың талап етілетін мәндері $RA_{тран}$, дБ,				
Е м д е у мекемелерінің палаталары, медициналық мекемелердің бөлмелері, тұрғын үй жайлары	15	20	25	30	35
Ж ұ м ы с бөлмелері, әкімшілік ғимараттар мен кеңселердегі кабинеттер	-	-	15	20	25

Техникалық регламентке
11-қосымша

Үйлестірілген стандарттар тізімі

1. ҚР СТ 944-92 Аралық қабырғаларға арналған гипстік-бетонды панельдер. Техникалық шарттар
2. ҚР СТ 3.1-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесі. Сәйкестік белгісі. Техникалық талаптар
3. ҚР СТ 3.4-2003 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесі. Өнім сәйкестігіне растау жүргізу тәртібі. Жалпы талаптар
4. ҚР СТ 3.9-2004 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесі. Импортталатын өнімдердің сәйкестігін растау. Жалпы ережелер
5. ҚР СТ 3.25-2001 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесі. Өнімдер мен қызметтерді Сәйкестік белгісімен таңбалау тәртібі
6. ҚР СТ 3.58-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Өнім сәйкестігіне растау жүргізу кезінде пайдаланылатын үлгілерді ұстай білу тәртібі

7. ҚР СТ 1348-2005 Кәсіптік қауіпсіздік менеджменті және еңбекті қорғау жүйелері.
Талаптар
8. ҚР СТ ИСО 14001-2006 Экологиялық менеджмент жүйелері. Қолданылуы жөніндегі талаптар және нұсқау
9. ҚНЖЕ 2.01.07-85* Жүктемелер мен әсер етулер
10. ҚР ҚНЖЕ 2.01-19-2004 Құрылыстық конструкцияларды тоттанудан қорғау
11. ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2002* Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігі
12. ҚР ҚНЖЕ 2.03-30-2006 Сейсмикалық аудандардағы құрылыс
13. ҚР ҚНЖЕ 2.04-05-2002 Табиғи және жасанды жарықтандыру
14. ҚР ҚНЖЕ 3.02-02-2001 Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар
15. ҚНЖЕ 3.04.03-85 Құрылыстық конструкциялар мен құрылыстарды тоттанудан қорғау
16. ҚР ҚНЖЕ 5.06-09-2002 Асбестцементтік конструкциялар
17. ҚР СанЕжН 5.01.030.03 "Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің санитарлық-гигиеналық талаптары"
18. Гигиеналық нормативтер "Жұмыс аумағы ауасындағы шекті рұқсат етілген концентрациялар мен зиянды заттардың шамаланған қауіпсіз деңгейлері", Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 841 бұйрығымен бекітілген
19. СанЕжН "Атмосфералық ауаға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 629 бұйрығымен бекітілген
20. ҚР ЕЖ 5.06-11-2004 Гипстік-картонды табақтар қолданылатын қоршау конструкциялары
21. ҚР ЕЖ 5.06-10-2004 Гипстік-талшықты табақтар қолданылатын конструкциялар
22. ЕЖ 428-74 Профдік шыныдан жасалған конструкцияларды жобалау, монтаждау және пайдалану нұсқаулары
23. СТ СЭВ 1407-88 Құрылыстық конструкциялар мен негіздердің сенімділігі. Жүктемелер мен әсер етулер. Жалпы ережелер
24. СТ СЭВ 5060-85 Құрылыстық конструкциялар мен негіздердің сенімділігі. Пластмассадан жасалған конструкциялар. Есептеудің негізгі ережелері
25. МЕМСТ 12.3.002-75 Өндірістік процестер. Негізгі қауіпсіздік талаптары
26. МЕМСТ 22160-76 Органикалық шыныдан жасалған екі қабатты күмбез. Техникалық шарттар
27. МЕМСТ 27751-88 Құрылыстық конструкциялар мен негіздердің сенімділігі. Есептеудің негізгі ережелері
28. МЕМСТ 31014-2002 Шынымен толтырылған полиамидті профилдер. Техникалық шарттар

29. МЕМСТ 4.205-79 Өнім сапасының көрсеткіштер жүйесі. Құрылыс. Құрылыс шынысы және шыныдан, қожды-ситаллдан жасалған бұйымдар. Көрсеткіштер номенклатурасы

30. МЕМСТ 111-2001 Шыны табақтары. Техникалық шарттар

31. МЕМСТ 5533-86 Әшекейлі шыны табақтары. Техникалық шарттар

32. МЕМСТ 7481-78 Арматураланған шыны табақтары. Техникалық шарттар

33. МЕМСТ 9272-81 Қуысты шыны блоктары. Техникалық шарттар

34. МЕМСТ 21992-83 Профильді құрылыс шынысы. Техникалық шарттар

35. МЕМСТ 24866-99 Құрылысқа арналған шыны пакеттер. Техникалық шарттар

36. МЕМСТ 30698-2000 Шыңдалған құрылыс шынысы. Техникалық шарттар

37. МЕМСТ 30733-2000 Төмен-эмиссиялы қатты жабыны бар шыны. Техникалық шарттар

38. МЕМСТ 12.1.003-83 Еңбек қауіпсіздігі стандарттар жүйесі. Шу. Жалпы қауіпсіздік талаптары

39. МЕМСТ 12.1.012-2004 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Діріл қауіпсіздігі. Жалпы талаптар

40. ҚР ҚЖҚ 2.01-04-2002 Ғимараттардағы, құрылыстардағы, олардың бөліктері мен конструкциялық элементтеріндегі апаттардың себептерін тексеру туралы ереже

41. МЕМСТ 22233-2001 Жарық өткізгіш мөлдір қоршау конструкцияларына арналған алюминий қорытпаларынан жасалған сығымдалған профильдер. Техникалық шарттар

42. МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ СТАНДАРТ МЕМСТ 12.0.230-2007 Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі. Еңбекті қорғауды басқару жүйелері. Жалпы талаптар. ILO-OSH2001